Stage III: The period from 1990 to the present day is important because at that time many professional staff appeared. The schools of critics' specialists were opened, the first graduates were graduated, each of them opened his workshop, this served to an increase of a number of specialists.

Keywords: criticism, criticism of cinema, film critic, drama, film, monograph, cinematography.

Шығармашылық белестерге көтеріліп, өзгеше көзқарас ала келген 1950-1970 жылдар қазақ кино өнері үшін де, кино мамандары үшін де айшықты да айбарлы, дүбірлі де дүрмекті кезең. Тап осы тұста уақыт үнін тез ұғынып, қазақ еліндегі кино өнерінің дамуына талпынған қайраткерлік қырларымен, қаламгерлік қарымдарымен, ұйымдастырушылық қабілеттерімен кинотанушы мамандар оқшауланып шыға бастады. Олардың көздеген мақсаты – қазақ даласында өркендей бастаған кино өнерінің жақсысын

асырып, жаманын жасырмай, тұғыры биік тұлғалардың есімдерін, елеулі еңбектерін барынша елге таныту болды. Әрине, тарихи кезеңдерден өтіп, өзінің кино өнеріндегі жанрлық ерекшеліктерін айқындап алған қазақ киносы үшін ендігі жерде оған ғылыми зерттеулер мен жан-жақты талдаулар қажет. Оған қазақ ғалымдарының өресі де, пайым-парасаты да жетеді. Себебі мерзімді басылымдарда жарық көріп жүрген мақалалардың көпшілігінде ғылыми зерттеулерге сұранып тұрған сыни пікірлер мен тың мәселелерді көтеру басым болды. Осы кезеңде қазақ кино саласында Мәскеуден арнайы оқу орындарын бітіріп келген мамандар қатарымен толықты. Соның ішінде алғашқылардың бірі болып, кино мәселелеріне үлкен жауапкершілікпен қарап, кино туындыларға, әлеуметтік жағдайларға, кино саласының ақсап жатқан тұстарына қалам тарта бастаған – Қ. Сиранов. Қ. Сирановтың алғашқы жұмыстарында сынның ешқандай нышаны байқалмағанымен, оқырманға кино туралы түсінік беретін анықтамалық еңбек болды.

«Қабыш Сиранов – кино өнерінің шежірешісі, зерттеушісі ғана емес, оның өсіп-өркендеуіне тікелей араласып, еңбек сіңірген адам. Ол – ВГИК-тен арнайы білім алған қазақтың тұңғыш кәсіби сценаристерінің бірі. Қазақ тілінде қазақ халқының өміріне арнап алғаш сценарий жазған адамдардың бірі – осы Қабыш Сиранов. Оның «Ақ гүл» деген алғаш сценарийі бойынша соғыс жылдарында-ақ, тәп-тәуір фильм қойылды. Содан кейін Қабекең «Өмір жолы» (Д. Тарасовпен бірге), «Домбыра үнімен» сияқты қомақты сценарийлер жазды. Қ. Сиранов көп жылдар бойы кино өндірісін ұйымдастырушы-басқарушылардың бірі болды» [1, 3], – деп жазды жазушы, өнертану ғылымының кандидаты К. Смайылов. Ұлттық киноның шығармашыл кадрлары қалыптаса бастаса да, ұйымдастырушы кадрлар көпке дейін табылмады. Сондықтан да Қ. Сирановтың ұйымдастырушылық жұмысы қазақ кино өнерінде маңызды орын алды. Ұлы Отан соғысы кезінде Алматыда еліміздің біріккен Орталық киностудиясы іске қосылғанда, ол осы студияның директорының орынбасары болып қызмет атқарған. Одан кейін «Қазақфильм» директоры болған. Осы дереккөздерінен түйетін түйін, Қ. Сирановтың қазақ ұлттық кинематографиясының бастауында болған өнер қайраткерінің бірі. Көп жылдар бойғы еңбегін ол қазақ киносының туу, қалыптасу және өркендеу кезеңдерін зерттеуге арнаған.

Кинотанушыға жүктелетін тағы бір міндет – кино өнерімен қатар кино саласындағы жаңалықты саралай отырып, көрермен талғамын зерттеп, арнайы фильмдерге жазылған мақалаларды жариялап отыру. 1960-1970 жылдар кино туралы мақалаларды жиі жариялап, ондағы кемшіліктерді жазып жүргендердің ішінде Қ.

Сиранов белсенділік танытты. Дегенмен, оның мерзімдік басылымдарда жарық көрген еңбектеріне сараптама жасай отырып, шығармашылығын парақтасақ, алғашқы мақаласы 1939 жылы қазақ киносының тұңғышы «Амангелді» фильміне арналса, соңғы сараптамалық мақаласы 1978 жылы жарық көрген «Гауһартас» фильміне арналып жазылған. «Амангелді» фильмінің тууына арналған бірінші мақаласы «Қайтпас қайраттылықта»: «Халқымыздың қайтпас қайратты, қаһарман ұлы – Амангелдінің мәңгі өшпес образының киноэкраннан көрінуі қазақ халқы үшін, оның өнері үшін зор қуаныш, жаңа табыс», – деп жазды Қ. Сиранов. «Гауһартас» фильмі туралы жазылған «Жұлдызыңды сақтай біл» деген соңғы мақаласында: «– Мен сенің ұлың емеспін бе, әке? – дейді өзінің қателігін түсінген Тастан. – Балалар тек әкелерінің ізімен жүрер болса, мына өмір тоқтап қалмай ма? Мені орынсыз кінәлайсың! – дейді әкесі» [1]. Міне, дәл осы үзіндіні келтіре отырып, Қ. Сиранов фильмнің философиялық мәнін дәп басып көрсетті. Өз еңбектерінде ол сырттай бақылаушы емес, осы жас кино өнерінің қиындықтарына қинала, табыстарына қуана отырып тағдырына жауап беруші адам ретінде көрінеді. Әрине, бүгінгі күн – ертеңгі тарих. Өз заманында белең алып отырған мағлұматтарды қағаз бетіне түсіріп, ізінді басып келе жатқан зерттеушілерге бағыт сілтеп, бағдар беру үлкен міндет. Осындай міндетті сезінген Қ. Сиранов өзіне артылған жүкті үлкен жауапкершілікпен атқара білді.

Осы тарихи кезеңде қазақ кино өнері қырық жылдық өмір өткелінен өтіп, дүниеге жүзге жуық көркемсуретті фильм, жарты мыңға тарта деректі, елуден аса мультипликациялық ленталар әкелді. Ал, Қ. Сиранов өзінің қырық жылдық шығармашылық өмірі ішінде сексеннен астам көлемді мақалалар, «Киноискусство Советского Казахстана» деген көлемді еңбек және «Кино туралы әңгіме», «Кино, жылдар, ойлар» деп аталатын кітаптар жазған.

«Киноискусство Советского Казахстана» атты кітабының жазылуы үлкен құбылыс болды. Өйткені, кәсіби деңгейде жазылған қазақ кино өнерінің тарихын жасап шығарған туындыны оқырман ұзақ күтті. Мұнда маман сыннан гөрі кино өнерінің тарихына аса назар аударғандықтан еңбектің «Истоки» деп атаған бөлімінде тарихи деректерді асқан шеберлікпен, ғалымға тән қасиеттермен орынды қолданып отырды. Хроникалық сарында түсірілген фильмдерге де сараптама жасап, оны деректі фильмдердің режиссері О. Әбішевтің шығармашылығымен орынды ұштастыра отырып, қазақ кино өнерінің соғыс жылдарындағы кезеңін зерттеген.

Сыншы Қ. Сиранов Ш. Айманов, М. Бегалин, С. Қожықов, А. Қарсақбаев сияқты бірқатар режиссерлердің шығармашылық

жолдарын бағдарлап, сараптама жасаған. Ш. Аймановтың К.Гаккельмен бірігіп түсірген «Махаббат туралы аңыз» фильмінің тамаша талдаулары оқырманды еліктірген. Онда фильм мәселелеріне тоқталмас бұрын кино өнеріндегі әдебиеттің, соның ішінде, әсіресе, фольклордың тәрбиелік мәні мен маңызын айта келіп, фильмде оның алған орнын дәлелді деректермен көрсете біледі. Фильмнен бұрын қазақ театр сахнасындағы көрсетіліммен салыстырмалы түрде талдау жасап, ондағы тарихи кемшіліктерді айтқан. Алда автор Ш. Аймановтың жарық көрген фильмдеріне сараптама жасайды. Олардың қатарына музыкалық комедиялары «Біздің сүйікті дәрігер», «Ән шақырады», «Тақиялы періште», драмалары «Дала қызы», «Жол торабы», трагикомедиясы «Алдаркөсе», сонымен қатар «Атамекен», «Атаманның ақыры» фильмдеріне тоқталаған; М. Бегалиннің «Оның уақыты келеді», «Тұлпардың ізі», «Ел басына күн туса», «Мәншүк»; С. Қожықовтың «Біз Жетісуданбыз», «Егер әрқайсымыз болсақ...», «Қыз Жібек» сияқты сүбелі фильмдеріне талдауы көрнекті орын алады. Мәселен, режиссер М. Бегалиннің «Тұлпардың ізі» фильміндегі ерекшеліктерді аңғарып: «Режиссер барынша кейіпкерлердің психологиясына үңіліп, олардың ішкі жан дүниелерін ашуға тырысқан. Өз міндетімен қоса актерлердің, суретшінің, оператордың, композитордың жұмысындағы басты ерекшеліктерін мән беріп, артығын алып тастаған» деп ой толғатады.

Киноны көруші және түсініп, ұғынып бағалаушы жұртшылықтың талғамы мен көзқарасына орай арнайы жұмыстар жазылған. «Көрермендерді тәрбиелеу парызымыз» деген еңбегінде мұрат-мақсат тек фильм жасаумен тынбайтынын, сол фильмдерді көрермендерге түсіндіріп жеткізе білу қажеттігін сөз ете отырып, көрермен талғамын ең алдымен жоғары сапалы фильмдер тәрбиелейтінін ашып көрсетті. Сондай-ақ, тың игеру эпопеясының өлкесі болған Қазақстан кинематографистерінің осы эпопеяның кинобейнесін толық жасай алмай келе жатқанын, бұл істің қиын да қасиетті борыш екенін Қ. Сиранов әлденеше рет сөз етті.

Сыншы көргенін тізе бермейді. Ол жақсының жақсылығын, нашардың олқы жерін ашып көрсететін жанашыр. Сыншы Сирановтың қазақ кино сынына арналған еңбектері – қазақ кино сынының кәсіби тұрғыда дамып, қазақ режиссерларының шығармашылығының жан-жақты бағалануына орай жазылған сыни-зерттеу еңбек болып табылады. Әрине, біз Қ. Сирановты ВГИК-ті «Киносценарист» мамандығы бойынша тамамдаған драматург қана емес, оны қазақ кино сынының қалыптасуына зор үлес қосқан кино маманы деп тануымыз керек.

Киноның ғылыми дамуының негізін қалаған Қ. Сирановтың ізін басып, кино өнерінің дәрежесін ғылыми деңгейге көтеру

жолындағы талпыныстарды әлі де болса жалғастыра бастаған қаламгерлік қарымдарымен қатар кино өнері туралы әр басылымдарда ой өрбітіп жүрген Ш. Айманов, М. Бегалин, І. Омаров, Ә. Нарынбетов, Ә. Тарази, С. Қожамқұлов, К. Смайылов, т.б. сынды мамандар кино сыны мәселелеріне арнап мақалалар жазды. Әлбетте, кино сыны мәселелерін көтерген бұл мақалалар сын өнерінің дамуына қосылған үлес болды.

«Кино болса – жас өнер, бар құпиясы ашылып болмаған өнер, мүмкіндігі шексіз өнер – болашақтың өнері. Кино тілі – өзгеше тіл, ол тілді екінің бірі меңгере бермес, меңгере алмас. Кино өнер ғана емес, өндіріс, кино табыс көзі, буржуазиялық елдерде оңай баюдың көзі. Сондықтан да дүние жүзінде жыл сайын сан мыңдаған ленталар «еніп» жатады. Күн сайын сан жүздеген ленталар «өліп» жатады. Қазақ кино өнері әні-міне қайта шарықтайтын шағы таянған тәрізді. Бұл – үміт. Үміт – өмір өзегі» [2, 263]. Бұл профессор, жазушы-драматург Ә. Таразидың 2013 жылы жарық көрген көп томдығының ішіндегі кино өнеріне орай жазылған «Дән мен қауыз» эссесінен келтірілген үзінді. Драматург тарапынан бұл ойдың тууы алпысыншы жылдың басында қазақ кино өнерінің үміті, өзегіне айналған өмірінде талантты қаламгер, әлеуметшіл азамат, қажырлы қайраткер К. Смайыловтың қазақ кино өнері әлеміне бет бұруымен тікелей байланысты. Еліміздегі мәдени, саяси дамудың қандай да болсын қауырт шаруасынан қалыс қалып көрмеген Қазақстан Журналистер, Жазушылар және Кинематографистер одақтарының мүшесі, С. Сейфуллин атындағы сыйлықтың иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет белгісі» орденінің иегері – К. Смайылов кино мәселелеріне терең тоқталып, салиқалы пікірлер мен күрделі мәселелер жазумен көзге түсе бастады. Тума талант иесі журналистік қайратын кинематографиямен ұтымды әрі тығыз байланыстыра білді. Кино сын өнеріне жаңа леп, жаңа серпін ала келді. Бар үміті де, арманы да қазақ киносының жағдайымен тығыз байланыста болып, сол жолда елеулі еңбек етті. «Киностудия – аса үлкен, өте күрделі, өз мінезі бар мекеме. Мен сондай ортаның бірі «Қазақфильм» киностудиясына отыз екі жасымда келіп, директор қызметін атқара бастадым» [3, 19] деп өз естеліктерінде автор атап өтеді. Бұған дейін К. Смайыловтың мерзімдік басылымдарда терең зерттеулер жүргізіп, меншікті елді мекендерге жауапты журналист, кейін келе редактор, жазушылық қасиетімен қатар телевизия саласында ауыз толтырып айтарлықтай жұмыстар атқарып, кемелденіп, алғыр маман болғаны белгілі. Дегенмен, кинотанушы, профессор Б. Нөгербектің тілімен айтқанда: «Камал Смайылов киногерлер үшін ең алдымен кинотанушы: кино зерттеушісі, кино сыншысы, «Қазақфильм» киностудиясының таптырмас басшысы.

Кинематография комитеті мен қазақ кино өнерінің дамуында, сондай-ақ, танымал режиссерлердің, операторлардың, сценаристердің, актерлердің, редакторлардың, менеджерлер мен продюсерлердің шығармашылық өмірбаянын тарих бетінде қалдыруға өлшеусіз үлес қосты» [4, 342].

К. Смайылов үлкен тартыс пен талас үстінде көп жылдар бойы қалыптасып қалған келеңсіз жағдайды түбегейлі өзгерте бастады. «Камал кино тағдырын уысында ұстады. Телевизия мен радионы да терең ұғып, басқарды. Алдына кірген министрлердің тізесі дірілдейтін кабинетте отырды. Камал өмірінің ең кемел кезеңі «Қазақфильм» киностудиясын басқарған жылдары. «Қыз Жібек», «Атаманның ақыры», «Тұлпардың ізі», «Ана туралы аңыз», «Көксерек», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы кезең», «Алдар көсе» фильмдерінің кіндік ағасы, кей кезеңдерде тіпті, тең авторы Камал болды десем, артық айтыпсың дей алмас ешкім» [2, 401] – деп Ә. Тарази өз ойын әрі сабақтай түседі.

«Кино – өте күрделі өнер, оның хал-жағдайы аумалы- төкпелі болып тұрады. Мен киноға келердің алында киноның халі қиын болған. Сырттан келген пысықайлар қаптап кетті. 1960 жылдардың басында жұртты күлдірудің орнына, өздері күлкіге айналған комедиялар бірінен соң бірі шығып, оларды Мәскеуден келген халтурщик киношылар жазып, қойып жатқан. Ақыры «Қазақфильм» орталық «Известия» газетінде «Қой мен экран» деген фельетонға ілікті» [3, 8] деп автор өкінішке толы сыни ойларын қалың оқырманымен бөлісті.

Төл режиссерларымыз Ш. Аймановтың, М. Бегалиннің, С. Қожықовтың, А. Қарсақбаевтың бүгінде алтын қорымызға қосылған ең сүбелі фильмдері сол кезде түсірілді. Н. Жантөрин, Ы. Ноғайбаев, Е. Өмірзақов, Ә. Өмірзақова, Ф. Шәріпова, А. Әшімов, Ә. Молдабеков, Қ. Жәкібаев, Т. Жаманқұлов, Н. Ықтымбаев, Ж. Құдайбергенов, Қ. Уәлиев сомдаған тамаша экрандық бейнелер К. Смайылов тұсында өмірге келді. «Қазақфильмге» басшылық жасаған К. Смайылов Г. Чухрай, А. Кончаловский, Н. Михалков, В. Соловьев, Т. Өкеев, Б. Шамшиев, Э. Оразбаев, Б. Мансұров сынды шын саңлақтарды Қазақстанға шақырған. Ә. Мәмбетов, Қ. Қасымбеков, Ә. Хайдаров, С. Райбаев, С. Нарымбетов сынды режиссерлерге дербес фильм қоюға сол кезден бастап сенім білдірген.

Жетпісінші жылдары кинодраматургия мәселесін ғылыми деңгейде зерттеп, өзінің ғылыми монографиясын жазған сыншы – К. Смайылов. Жоғары кәсіби деңгейде жазылған аталмыш еңбекте автор 1925 жылдар мен 1970 жылдар аралығындағы қазақ кинодраматургиясындағы бірде бір фильмді қалт жібермей талдай отырып, тарихына тоқталып, сілтемелер жасап ғылыми деңгейде

жазып шықты. Бұл тұста қарымды қаламгердің шығармашылық қыры сан қырынан көрінді: ол әрі жазушы, әрі публицист, әрі кинозерттеушісі ретінде қалыптаса бастады. Кино саласындағы К. Смайыловтың еңбектері бүгінгі ортада да өзіндік орнын, құнын жоғалтпаған. Оның жазған мақалалары бірін-бірі сабақтастырып, толықтырып, әр қырынан тануға мүмкіндік беріп келеді. Қазақ киносының шынайы жанашыры: «Бірде кино қайраткерлері бас қосып, кино өнерінің бүгінгі тағдыры, ертеңгі жолы жөнінде әңгіме қозғады. «Осы өнерді қалай өркендетеміз?» деп емес, «Киностудияны қалай бөліп аламыз, оны қалай ұстаймыз?» деген сөз болды. Сонымен, «Қазақфильм» бұдан былай екіге бөлінді. Бірі – бұрынғы киностудия секілді шығармашылықпен шұғылданатын продюсерлік орталық деп аталды, екіншісі – өндіріспен айналысатын кинофабрика болды. Солай-ақ болсын. Мәселе формасында емес, тамаша кино қалашығының қаңырап бос тұрғаны жанға батады» [3, 9] деген жанайқайын өз оқырманна арнады. Біздің қолымызда күрделі талдаулар мен сыни мақалаларды жазған Камал Сейітжанұлының мағыналы да маңызды 15 кітабы, 300-ге жуық мақалалары бар. К. Смайыловтың шығармашылығын қарастырған мәселелеріне байланысты кино өнеріне, драматургияға, киносценарийлерге қатысты жазылған ғылыми жұмыстары мен сыни мақалаларын, еңбектерін топтастырып, мынадай жүйеге жіктеуге болады:

- қазақ кино өнерінің шығу тарихы, даму жолына байланысты жазылған ғылыми зерттеулер қатары;
 - Қазақстан кинематографистер одағының жас кинематографистер съездері мен президиумдары, кинофестивальдер қарсаңында жазылған мақалалары;
 - өзі басшылық еткен жылдары «Қазақфильм» киностудиясының қалыптасу, даму тарихына байланысты жазған жұмыстар реті;
 - қазақ кино өнерінің жанрлары мен тақырыптары және көркем бейнелері туралы жазылған мақалалары;
 - қазақ кино өнерінің қайраткерлері туралы жарияланымдары;
- Сондай-ақ, киногоерлік публицистикасын жанрлық тұрғыдан:
- ғылыми зерттеулер;
 - баяндамалар;
 - естеліктер;
 - рецензияға жіктеуге болады.

Жалпы, қазақ киносының дамуына К. Смайыловтың сіңірген еңбегі шексіз. Күнделікті киноөндіріспен шұғылданып қана қоймай, кино өнерінің болашағына болжам жасап, бағамдады. Оның жастар тәрбиесіне деген жаңа көзқарастары, жаңашылдығы мен

тапқырлығы көзге түспей қалған жоқ. «Камал аға ұлт өнері дегенде ішкен асын жерге қоятын, оған риясыз беріліп ынта-шынтасымен қызмет ететін. Ағаның осы қасиеті өнерге деген, өнер адамдарына деген риясыз құрмет-инабаты атойлап көзге ұрып тұратын. Бүгінде қазақ киносы, телевизиясы, журналистикасында Камал ағаның сол қамқорлығын көріп тарыққанда қолдау тапқан жандар аз емес» [4, 217] деп айтқан жазушы, профессор С. Елубайдың пікіріне сүйенсек, өнер қайраткері К. Смайылов қазақ киносының дамуына зор үлес қосып, өркендеткен ірі мәдениет қайраткері. Бүгінгі таңда да өз шешімін әлі таба алмай келе жатқан үлкен мәселе тілдер туралы заң бойынша, біртіндеп барлық фильмдерді қазақша түсіруге, қазақша тапсыруға және алдымен өз елімізде өз тілімізде көрсету керек екенін жақтап, сол жағдайдың елімізде тұрақты орнығуына септігін тигізіп баққандардың алғашқысы осы – К. Смайылов. Шынымен де, бұл техникалық емес, шығармашылық мәселе. Режиссер-сценаристердің өзі қазақша ойлауға, түсінуге, жазуға тиіс. Сонда ғана кино қазақ психологиясына тереңдеп енетін болады. К. Смайыловтың тілімен айтқанда: «Қазақ киносы қазақ тілінде жасалуға тиіс. Өйткені, ол қазақтарды көрсетеді. Басқаша болуы мүмкін де емес қой. Бізде екі кемшілік, екі қиыр бар. Бірі – әлем киносы классиктерінің ұлтсыздық әдіс-тәсілдерін көріп, көшіріп алу, соған тікелей еліктеу, екіншісі – қазақтар туралы, солар үшін түсіреміз деп ескі сүрлеумен кету, отбасы, ошақ қасында қалу» [3, 10].

Сондай-ақ, Ә. Хайдаровтың бастауымен жасалған алғаш қазақ анимациясы қарлығашының ұшуына да К. Смайыловтың тигізген еңбегі зор.

Сексенінші жылдары кино өнерінің ғылыми саласы айтарлықтай ілгерілеп, сыншыл, ғылыми ой-пікірлердің дамуында үлкен серпіліс туындағаны байқалды. Сын жанрында мақала, талдау жұмыстары, бағалаушылық сипаты басым рецензиялар, шолу, хабар секілді түрлері дамып, кино сынының сипатын дамыта түсті. Газет, журнал беттерінде сын мақалаларының саны мен сапасы, белсенділігі артты. Сондай-ақ, соңғы жылдары қазақ кино сын өнері өркендеп, жан-жақты өсіп, жас сыншы мамандардың еңбектерінің сипатының өзіндік ерекшелігінен қазақ кино сын өнерінің дамуындағы талпыныстарды байқауға болады. Сонымен, қазақ кино ғылымында сын өнерінің өркендеу жолында біршама еңбектер жасалды. Әр қилы тарихи кезеңдерден өткен кино өнерінің жанрлық ерекшеліктерін, ғылыми тұрғыда талдап жазған ғалымдардың еңбектері, ашқан жаңалықтары, айтылған ой-пікірлері әр уақытта өз оқырмандарының көңілінен орын тауып қана қоймай, жас кинотанушылардың еңбек жолына себепші болатындары да сөзсіз.

Сонымен қатар, К. Смайылов тұсында қазақ кинотану ғылымына өзіндік ерекше ғылыми көзқарасымен келген ғалымдардың бірі – Р. Абдуллахатованы атап өткеніміз жөн. Сыншының еліміздің кино өнерін зерттеу жолында жасалған алғашқы тырнақалды еңбегі қазақ кино өнеріндегі әйелдер бейнесін ашуға арналса, кейінірек «Отан соғысына арналған қазақ фильмдеріндегі ерлік тақырыбы» атты ғылыми еңбегінде қазақ кино шығармаларының дидары мен жай-күйі, асқан асулары, алынбаған шындары, болашаққа деген жауапкершіліктері, уақыт шыңына орай идеялық көркем шығармалар жайында ой өрбітеді. Бұл уақытта түсірілген фильмдерді 1946-1953 жж. және 1954-1960 жж. деп екі кезеңге бөліп қарастырған. Сондай-ақ, автордың «Мұхтар Әуезов және кино» атты ғылыми еңбегінде әр шығарманы эстетикалық талдаумен қоса, өмірбаяндық әсерлі факторларды орынды қолдана білген. Әуезов шығармасындағы әйелдер бейнесін терең зерттеген автор бұл тұрғыда: «Әуезов әйелдерді толстойша да, түргеновше де көрген жоқ. Оның шығармаларында әйел тағдыры, тіпті бөлек, шынайы. Бәрінен бұрын оның әйелдері әлеуметтік тағдырға құрылған» [5, 91] деп, драматургтің әйел бейнесін ашудағы өзіндік ерекшелігін аша түседі. Әсіресе, «Райхан» фильміндегі бас кейіпкер Райхан бейнесіне өз бағасын бере отырып: «Райхан – қазақ экранындағы бойына адами құндылықтарды кеңінен сіңіріп, қоғамда жаңаша көзқарас орнатып, жаңа өмір бастауға ұмтылған әйелдердің топтамасын көрсеткен тұңғыш әйел бейнесі» [5, 88] дегенді айтады. Ал, Райхан бейнесіндегі Хадиша Бөкееваның актерлік ойынын талдай отырып: «Х. Бөкеева ойнаған Райхан – әлеуметтік ортада жаңа өмір бастап, бойына табиғатынан берілген қасиеттермен қатар, өзге де адами қасиеттерді ашуға ерік берген кейіпкер ретінде суреттелген. Қазақ әйелдеріне тән еңбекке деген жігерлігі мен бойындағы ұяңдығы өз үйлесімін орынды тапқан. Өмірдің жаңа белесіне қадам басуға ұмтылған жаңа кейіпкерге ескі көзқарастағы анасы да түсіністік танытып, қолдайтынын көрсетеді. Фильмдегі Райхан мен оның анасы сол кездегі әлеуметтік ортадағы әйел бейнесінің әлеуетін ашық көрсеткен» [5, 90] деген орынды пікірін қалдырды.

Жоғарыда атап өткен «серпілістің» бастамасында қазақ кинотану ғылымының «сын» саласының кәсіби тұрғыдан дамуына, өркендеп, қарыштауына атсалысып, өзіндік табиғаты мен ғылыми сипатына теориялық ізденіс жасап жүрген еліміздегі білікті маман – өнертану ғылымының кандидаты, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Б. Нөгербекті ерекше атауымыз шарт. Ол бүгінде қазақ кино сынының кәсіби сыншысы, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырған көрнекті кинотанушы. Кинотанушы Б. Нөгербектің қазақ кино өнерінің дамуы барысындағы жазылған

сыни, сараптамалық еңбектері сөзімізге дәлел. Мысалы, классикалық туындылардың нақты тарихи уақытқа сыймай, өткен мен бүгінгінің арасын еркін жалғап жыл озған сайын бүкіл адамзаттық мәдени контексте рухани маңызының арта түсетінін сыншы өзінің сыни мақалаларында ерекше мән береді. Жазушы М. Әуезовтің «Абай жолы» романы осы қатардағы туындыларға жататынын жақсы білетін қалың жұртышылықтың «Абай» фильмін асыға күтуі де осы себептерден заңды еді. Бұл тұрғыда сыншы Б. Нөгербектің қазақтың данышпаны, кемеңгер Абай бейнесін М. Әуезовтің «Абай жолы» романы желісі бойынша киноэкранға шығарған А. Әмірқұловтың аталмыш фильміне жазылған «Абай» біз күткен фильм бе?» («Қазақ әдебиеті» газеті №33, 12 желтоқсан, 1995 ж.) атты мақаласы интеллектуалдық сипаттағы сыни талдаудың жоғары түріне жатады. Олай дейтініміз, мақалада: «Әдеби сценарийде «Абайдың жастық шағы» деп аталған туынды экранға әрі қысқа, әрі көп мағына сыйғызардай «Абай» деген атпен шықты. Кинотуындыны көре отырып, көкейге ұялаған ой мынадай: «Абайды» әртүрлі көзқарас жүйесіне салып пікір түюге болады. Сондықтан да «Абай жолы» роман-эпопеясына жақсы таныс көрерменнің пікірі бір бөлек, роман туралы, мүмкін, тіпті Абай туралы толымды хабары жоқ көрерменнің пікірі және бір бөлек. Ал экранда кейіпкер жасаудың кинематографтық дәстүрлерін жақсы білетін көрермен, тіпті өзгеше пікір-көзқараста қалады. Енді осы көзқарастардың әрқайсысының нобайын қарастырып көрейік» деп сабақтаған сыншы үш түрлі көзқарасты анықтайды. Сондай-ақ, автор үш түрлі көзқарас арқылы киноның сапасын анықтайды. Біріншісі – «Абай жолы» роман-эпопеясын оқып, тоқыған, жетік білетін адамның көзқарасы. Екіншісі – жазушы М. Әуезов шығармасын оқымаған көрерменнің көзқарасы. Үшіншісі – кинематографтық көзқарас, маманның көзқарасы. Бұл үш көзқарас арқылы – тұтас қазақ кино өнімінің сапасына талдау жасаған. Сыншы фильмді асырып сынап та, мақтап та әуре болмайды. Тек «мақтамен бауыздау» әдісін тиімді пайдаланған. «Фильмнің еуропалық стандарттармен монтаждалуы кинематографтық баяндауда түсінбеушіліктер тудырады: француздықтар монтаждаған фильмде көптеген эпизодтар мен сахналардың не басталуы немесе аяқталуы, логикалық байланыстары жоқ. Мұның бәрі жинақтала келе фильмнің ортасына қарай драматургиялық қуат-қарқынды бәсеңдетіп, көрерменнің фильмге деген ықыласын кемітеді» немесе «Фильмнің сценарлық қисын-жолдары ап-анық та түсінікті. Бірақ фильмнің финалында қасиетті орда-мешіттің орнына әлі салынып бітпеген мешіттің қарабайыр бутафоралық декорациясын көргенде көңіл құлазиды. Үлкен істі соңына дейін логикалық қисынға, келісім-үйлесімге жеткізе алмайтынымызға

ішің ашиды» деген екі пікірден-ақ, сыншының кәсіби дәрежесін және оның өз саласының білгірі екенін бағамдайсыз.

Сыншы қазақ киносының болашағына алаңдайды. Экранға шығар кино өнімнің сапалы болғанын қалайды. Мәселен, «Абай» фильмі жайындағы мақаласында: «...Шын жүректен шынайы көңілден шыққан бұл пікірлер дұрыс қабылданар деп ойлаймын. Өйткені, қазір жас режиссерлер де, атақ-даңқы жер жаратын режиссерлер де тарихи тұлғаларымыз, мысалы, Абылай, Құрманғазы, Райымбек, тағы басқалар туралы фильмдерге жобаларын дайындап, жұмысқа кірісуге ынтық болып-ақ жүр. Ал тарихи фильмдер дәл осы «Абай» фильмінің «жолымен» кете берсе нәтижесі қандай болмақ? Қандай фильмдер көреміз онда? Мерейтойлық даталарға арнап түсірілген есеп фильмдерді ме? Немесе ешкім көруге қызықпайтын, не залда оншақты адам ғана отыратын фильмдерді ме? Әлде мақсат шетелдік кинофестивальдерде бір рет қана көрсетілетін фильмдер түсіру ме? Әзірге жауап жоқ...» [2] деп түйіндейді. Ал, «Абай әндері және қазақ киносы» мақаласындағы басты ерекшелік зерттеушінің киноценарий мен әдеби нұсқасының арасындағы айырмашылықтарды арнайы мысалдар келтіре отырып талдауында болды. Зерттеуші Б. Нөгербек әдеби нұсқасындағы әр кейіпкердің бейнесін ашудағы драматург сөздерінің экранда басқа өзгеріске ұшырағанына қынжылады. «Қаралы сұлу», «Көксерек» фильмдерін де сыншы өз тарапынан тыс қалдырмады. Сол себепті қазақ киносындағы кинотанушының ерекше кәсіби сыни жұмыстары әр кез жоғары бағаланып, құндылығын күн өткен сайын арттыра беретіні сөзсіз. Салмақты да, салиқалы тұжырымдары қашан да өз орнын табуда. Бір кино өнімнің қателігі – келесі жолы жарыққа шығар фильмге сабақ болуы тиіс дегенді меңзейді. Автор қарапайым арифметикалық есептің амалы сияқты, режиссерлерге қарапайым ғана талап қойып отыр. Сыншы – сөздің әділін айтар қорғаушы да бола алады, сөздің шешімін қояр сот та бола алады. Сонымен қатар, сыншы көңілі толмаған кино өнімді айыптай да алады. Біз, сыншы, кинотанушы Б. Нөгербектің әрбір мақаласынан осыны аңғарамыз. Бұл – сыншының сыншы ретіндегі өзіндік биіктігі.

Кинотанушы Б. Нөгербек «Арзанқол киноның дәурені жүріп тұр...» атты «Алтын Орда» (22 желтоқсан, 2006 ж.) газетіне берген сұхбатында бүгінгі қазақ және әлем кинотуындылардың сапасы жайында толымды пікір, ұтымды ой айтқан. Мысалы, «... ал енді «Гладиатор», «Соңғы самурай» өте үздік шыққан фильмдер. Және бұл фильмдер – өзіндік мақсатпен түсірілген туындылар. Біз де соған ұмтылдық, бірақ, жете алмай қалдық. Ол олқылықтың орнын «Көшпенділер» толтыруы керек еді, өкінішке орай ойдағыдай

шықпады. Бұл фильмде көшпенділердің бейнесі жоқ. Көшпенді деген кім, ол жанағы самурайдан, өйтпесе, американдық ковбойдан несімен ерекшеленеді? Осы жағы ескерілмей қалды. Осы бейнені ашқанда ұлттық сипаты көбірек болар еді де, сол жанрдағы жаңалық ретінде қабылданатын еді. Менің жеке пікірім, біз «Көшпенділерде» тек американдық модельдің ықпалынан шыға алмай қалдық» [6, 10] деген.

Сөзіміздің барысында айтып өткеніміздей киносыншы Б. Нөгербек ұлттық киноның «болашағына» алаңдайды. Сөзімізге: «...кинофестивальдер керек. Біріншіден, режиссерлер танымал болады. Туындыларының жарыққа шығуына жол ашылады. Қазір «Шәкен жұлдыздарында» жүлде алған фильмдер Италияда, тағы басқа да елдерде көрсетіліп жатыр. Оның бір жақсы жері, әлемдік кинонарықтағы белгілі продюсерлердің назарын аударады. Сондықтан фестивальдердің артықшылығы жоқ. Соңғы екі-үш жыл көлемінде өтіп жатқан «Шәкен жұлдыздары», «Еуразия» фестивальдерінде бұрын біз танып, білмеген елдердің кинолары көрсетіле бастады» деген пікірі дәлел бола алады. Киноның «болашағы» дегеніміз – фестиваль ұйымдастыру. Фестиваль – кино нарығына арналған үлкен жәрмеңке. Әр ел өзінің «үздік» деген киносын қазылар мен сарапшылар назарына ұсынады, режиссерлер жиналып, қарап, тамашалайды. Бастысы – кино өнімнің өсу деңгейі таразы басына түседі. Біздің қазақ кино нарығына осындай ірі фестивальдер керек екенін, оның маңыздылығы мен пайдасы автордың да назарынан тыс қалмаған.

Сондай-ақ, кинотанушы Б. Нөгербектің қаламынан туындаған «Біз көріп жүрген фильмдер немесе бүгінгі көрермен талғамы қандай?» («Парасат» журналы, №2, 2007 ж.) деп аталатын сыни мақаласында тек кино фильм мәселесі ғана емес, сонымен қатар, кино нарық, прокат, кино фильмдердің насихатталу жарнамасы, кинотеатрлардың жағдайы, жекеменшік және мемлекеттік кинотеатрлар, «Қазақфильм» мекемесінің тағдыры, жекеменшік кинотеатрлардағы «атыс», «шабыс» сияқты лаңкестік желі бойынша түсірілген «ұсқынсыз» кинолардың көрсетілімге енуі, кинодраматургтердің хал-ахуалы жеке-жеке көтеріледі. Автор ойын «кино туралы арнайы заң» шығару керек деп топшылайды. Ал, «Біздің режиссерлер бір киномен бәрін жеткізгісі келеді... жеңіл жанрдағы фильмге барғысы келмейтіні де сол...» атты («Айқын» №17, 28 қаңтар, 2005 ж.) сұхбаты мен «Бізде жанбай жатып сөнетін «жұлдыздар» көп...» деген «Жас қазақ үні» (№19 (444) 2010 ж.) атты сұхбаттарының көтеріп тұрған жүгі ауыр, сапалы ойлардың жиынтығы. Мысалы, «Бізде фильмдер тапсырыспен белгілі тұлғалардың мерейтойына байланысты ғана түсіріледі. Мәселен – «Абай», «Жамбыл». Ол фильмдердің қандай деңгейде шыққаны

бізге мәлім. Тапсырыспен түсірілген басқа фильмдердің жайы да мәз емес. Мысалы үшін, «Көшпенділер» фильмін түсіргенде де қате жібердік. Абылай хан туралы тарихи фильм түсіруді мақсат еттік те, оның формасын коммерциалық, продюсерлік киноға айналдырып жібердік. Ал, продюсерлік киноның сюжеті жеңіл, тілі болуы қажет. Сонымен қатар, продюсерлік киноның – голливудтық үлгіге сай, өзіндік шаблондары бар. Біз бір оқпен екі қоянды атамыз деп жүріп, шын мәнінде, екі қайықтың басын ұстаған адамның күйін кештік, ақыры. Өйткені, онда Абылай ханның өмірбаяны мүлдем қозғалмаған» [6, 7] деп, сынға алады.

Сыншы Б. Нөгербек: «Қазір жекеменшік студиялар дамып келе жатыр. Ақан Сатаевтың «Рэкетиры», «Ағайынды», «Адасқан» сияқты фильмдерінің деңгейі өте жоғары екенін айта кеткеніміз жөн» [6, 7] деп, Тәуелсіздіктің екінші онжылдығында түсірілген киноларға жақсы баға берсе, енді бірде: «Ең бастысы – біз киноны қалыпты жүйе, яки, өндіріс ретінде қарастыруымыз керек. Ол үшін – кино шығарылу керек, оны көрсететін прокат болу керек. Үкімет киноға ақша бөледі, бірақ, мемлекеттің өзінің прокаты жоқ. Барлық кинотеатрлар жекеменшік. Олар көптеп қаржы түсіру үшін голливудтық киноларды көрсетуге тырысады. Өйткені, жекеменшік кинотеатрлардың көпшілігінің өзіндік қаржылық саясаты бар» деп, кино нарықтың мәселелерін көтереді.

Б. Нөгербек – кино өніміне жанашыр, тілеулес маман. Ол – қазақ киносының тұғыры биік, оқ бойы озық болғанын қалайды және өзінің шәкірттерін сапалы маман болуларына үгіттейді. Мысалға, кинотанушы: «Біздің кинематографиямыз әлі жас. Жаңа ғана дамып келе жатырмыз. Кәсіби шеберлікке келетін болсақ, бізде арнайы киноактерлар дайындалмайды. Кеңес заманында кинематография институтында, режиссерлер актерлік шеберханасында дәріс оқыған. Мысалы, бізге қазіргі таңда Ресейдің Сергей Герасимов, Сергей Соловьев сияқты белгілі кинорежиссер-ұстаздардың тәжірибесі жетіспейді. Олар өз студенттерін фильм түсіру үрдісіне тікелей актер, суретші, оператор ретінде қатыстырып отырған. Бұл тәжірибе осы күнге дейін зор жемісін беріп келеді. Осы тұрғыда мамандар дайындау мәселесін біз де жетілдіре түсуіміз қажет» деп, кинотану ғылымындағы тұтас мәселені де тілге тиек етеді. Шындығында, Қазақстандағы кинотану ғылымындағы аса күрделі мәселе – маман даярлау, оның шеберлігі. Өйткені, теория мен тәжірибе қатар жүруі керек екені ғалымның әрбір мақаласында айтылады.

Сыншы, ғалымның «Көшпенділер» – «nomad» кімге арналған фильм?» мақаласы – бір ғана фильм арқылы тұтас қазақ кино өнерінің бүгінгі сикын ашып береді. Көлемді еңбек. Толғамды еңбек. Жанайқай зар. Зар дейтініміз – «Бұл киножоба миллиондаған

шетел көрермендеріне біздің тарихымызды да, дүниетанымызды да жеткізбейді. Фильмді қарап жапон самурайынан немесе еуропалық рыцарьдан көшпелінің айырмашылығы неде екенін білмейсіз. Ал, жоба авторы Рүстем Ибрагимов айтқандай, оның мақсаты көшпелі – номадтың кинобейнесін жасау еді ғой. Өкінішке орай, мен экраннан Мансұрды (Абылайды) ғана емес, адамзат тарихындағы маңызды рөл атқарған, әлемге көшпелі өркениетті әкелген номадтың авторлар уәде еткендей жалпыланған бейнесін де көре алмадым» [7, 8] деуі. Міне, көрдіңіз бе, «Көшпенділер» фильмі – тұтас қазақ елінің тарихын көрсетуі керек еді, бірақ, фильм көрсетуге де тырыспады. Автор мақаласында «неден ұттық?», «неден ұтылды?» деп, өз ойын былайша қорытады: «Өкінішке орай, «Көшпенділер» мерейтойларға арналған «Абай», «Жамбылдың жастық шағы» сынды «тапсырысты» фильмдердің сәтсіз қатарын толықтырды» [6, 9] деп өкінсе, «Сөз жоқ, «Номад» киножобасы «Қазақфильм» киностудиясының техникалық жетілдірілуіне ықпал етті. Авторлардың сендіруінше, бұл мақсатқа 5 миллион доллар жұмсалды. Рас болса, жобада қолданылған кинотехника, салынған декорация өзге де фильмдерде қолданылса игі еді» [6, 9] деп, «ұтқанымызды» ұлықтайды. Осы орайда, «Көшпенділердің» декорациясының «Жау жүрек мың бала» фильмінің декорациясына «шапағаты» тигізгенін айта кету жөн болар.

Сыншы Б. Нөгербектің қазақ кино өнерінің сынын қалыптастыру, жандандыру мақсатында көлемді мақалалар жазғанын аңғардық. Соның әрбірін алып қарасаңыз, әрқайсысының мазмұны мен идеялық ерекшелігі, көтеріп отырған тақырыбының ерекшелігі, оны жетік білуі – таңқалдырарлық жайт. Мысалға, режиссер С. Нарымбетовтің «Көзімнің қарасы» фильмі туралы жазылған «Балалықпен қоштасу» («Қазақ әдебиеті», №30, 29 шілде, 1994 ж.), «Өнер өкілдері өкпелі...» («Егемен Қазақстан», №98, 16 мамыр, 2001 ж.) мақалаларында Отандық кино өнерінің дамуы, нарықтық-экономикалық замандағы хал-жағдайы, нарықтың тікелей кино өндіріске тигізген әсері жайында түрлі мәселелер көтереді. Әрбір мақаласын оқып шықсаңыз, сыншы Б. Нөгербектің уақыттың ахуалын бағамдай отырып, сараптама жасағанын аңғарамыз. Ол заңды да. Сыншы – болашақты болжайды, өткенді саралайды, бүгінгіні бағамдайды.

«Шәкен аға «кино – елдің төлқұжаты» деп түсінді» («Аңыз адам» журналы, №13, 2011 ж.), «Шәкен жұлдыздарының» ең алғашқы форматы менің көңіліме көбірек қонады...» («Айқын» газеті, №117, 17 қыркүйек, 2005 ж.), «Ресейден актер шақыру – құлдық сананың көрінісі» («Халық сөзі» газеті, №20, 15 наурыз, 2011 ж.) атты сұхбаттарында айтылған ойларының өзі – құнды,

ерекше, тартымды. Әрбір болашақ кино сыншысы болғысы келетін маманға сыншы Б.Нөгербектің сыни бағыттағы мақалалары – кино сынының кәсіби «әліппесі» боларлық дүние екенін айта кеткеніміз әбден орынды. Біз сыншы Б. Нөгербектің сыни мақалалары мен сын-зерттеу еңбектерін – қазақ кино сынының дамуына қосылған үлес деп білеміз. Сондықтан, ол – қашан да болсын, қай уақытта болсын өзінің ұстаз ретіндегі ең биік межедегі орнында тұрады және тұра бермек.

Қазақ кәсіби кино сынының қалыптасуына үлес қосқан К. Айнағұлова, Қ. Әлімбаева, Р. Оспанова, Г. Әбікеева сынды кинотанушы мамандарды да ерекше атап өтуіміз шарт. Десек те, олардың еңбектерінде қазақ кино сынына арналған ой-пікірлерден гөрі, киноның тарихы, оның жанрлық түрлерінің дамуы жайындағы айтылған пікірлері басымырақ болды. Олардың қазақ киносының тарихын қалыптастырудағы еңбектері турасында алдағы тарауда кеңінен тоқталатын боламыз.

Сонымен, қазақ кино ғылымындағы сын өнерінің өркендеу жолында біршама еңбектер жасалды. Әр қилы тарихи кезеңдерден өткен кино өнерінің жанрлық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда талдап жазған ғалымдардың зерттеулері, ашқан жаңалықтары, айтылған ой-пікірлері әр уақытта өз оқырмандарының көңілінен орын тауып қана қоймай, жас кинотанушылардың еңбек жолына да себепші бола білді. Соңғы жылдардағы жас сыншы мамандардың сын саласына байланысты жазған зерттеу еңбектерін бағамдасақ, оның өркендеп, жан-жақты өсіп, қазақ кино сын өнерінің дамуындағы талпыныстарын, құлшыныстарын ерекше байқауға болады. Осы тұрғыдан кинотанушы Н. Мұқышева, Г. Наурызбекова, Г. Мұрсалимова, И. Смайлова, Г. Көбек, Б. Нөгербек, А. Айдарова, М. Ергебеков, Ж. Ташимовтар, яғни Тәуелсіздік жылдарындағы «Кинотану» мамандығының түлектері кәсіби сынның дамуына бүгінде өз септіктерін тигізіп жүрген білікті мамандар деп айтуға негіз бар.

Әдебиеттер:

1. Смайылов К. Қазақ киносының қайраткері // Кино, жылдар, ойлар. – Алматы: Өнер. – 1983. – 160 б.
2. Тарази Ә. Тәж // Дән мен қауыз. VII том. – Астана: Фоллиант, 2013
3. Смайылов К. Қазақ киносы. – III том. – Алматы: «Қазығұрт», 2004
4. Сан қырлы тұлға. Камал Смайлов туралы естеліктер. Құрастырғандар: Н.Н. Шманова, Б.Р. Нөгербек. – Алматы, 2012. – 384 б.
5. Абуллахатова Р. К вопросу создания женских образов в казахских фильмах. – Алматы: Изв.АН КазССР. Сер.Общ.Наук. – 1969. – № 1.
6. Нөгербек Б. «Арзанқол киноның дәурені жүріп тұр...» // «Алтын Орда». – 2006. – 22 желтоқсан.
7. Нөгербек Б. Көшпенділер» – «nomad» кімге арналған фильм? // «Ақжол-Қазақстан». – 2016. – 12 тамыз.

FTAХР 18.67.09

А. Ч. Намазбекова¹¹Қазақ ұлттық хореография академиясы
(Астана, Қазақстан)**ШӘКЕН АЙМАНОВ - АКТЕРЛІК КИНОНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ****«Өз өнерінде қанша көп ізденсең, соншама өмір тереңдігін ашасың, шың басына қаншама биік көтерілсең, сонша да дүниенің кеңдігін байқайсың...»****Ш. Айманов****Аннотация**

Мақалада қазақ киносының негізін қалаушы, тұңғыш режиссер - Шәкен Аймановтың шығармашылығы жайлы баяндалады. Шәкен Аймановтың өнердегі негізгі мақсаты – актерлік саланы дамыту болған. Бойында тұнып тұрған таланты мен жаңашыл ізденісінің нәтижесінде Айманов – театр актерлігінен – киноға, театр режиссурасынан – кинорежиссураға бет бұрып, егіз өнердің қос ағымында қатар алып жүреді. Осындай ізденістерінің нәтижесінде – қазақ кино өнерінің тууына тікелей себепкер болған тұңғыш кинорежиссер ретінде тарихта аты қалды. Ш. Айманов – қазақ киносында алғашқы ұлттық кино тарихын қалыптастырған хас тұлға. Ол өз фильмдерінде – ұлттық бейнелер қазақ қариясын, анасын, батырларының бейнесін суреткер ретінде шебер жасай алды

Тірек сөздер: фильм, кино, театр, актер, режиссер, бейне, оператор, композитор, кинотану, роль.

А. Ч. Намазбекова¹¹Казахская национальная академия хореографии
(Астана, Казахстан)**ШАКЕН АЙМАНОВ – ОСНОВАТЕЛЬ АКТЕРСКОГО КИНО****Аннотация**

В статье говорится о творчестве Шакена Айманова – основателя казахского кино, первом режиссере. Основной целью Шакена Айманова в искусстве было развитие актерской сферы. Благодаря своему таланту и поиску новизны Айманов перешел из актерства театра в кино, из режиссуры театра в кинорежиссуру и мастерски владел двумя искусствами. В результате таких поисков его имя осталось в истории как первый кинорежиссер, который поспособствовал основанию искусства казахского кино. Ш. Айманов – личность, которая основала первую историю национального кино в казахском кино. В своих фильмах он сумел мастерски создать национальные образы казахского старейшины, матери, батыров как художник.

Ключевые слова: фильм, кино, театр, актер, режиссер, образ, оператор, композитор, киноведение, роль.

A.Ch. Namazbekova¹

*¹Kazakh National Academy of Choreography
(Astana, Kazakhstan)*

SHAKEN AIMANOV - FOUNDER OF ACTING

Annotation

The article talks about the work of Shaken Aimanov - the founder of Kazakh cinema, the first director. The main goal of Shaken Aimanov in art was the development of the acting sphere. Thanks to his talent and the search for novelty, Aimanov moved from theater to film acting, from directing the theater to filmmaking and masterfully managed two arts. As a result of such searches, his name remained in history as the first film director who contributed to the founding of the art of Kazakh cinema. Sh. Aimanov is a person who founded the first history of national cinema in Kazakh cinema. In his films, he managed to masterfully create national images of the Kazakh elder, mother, batyrs as an artist.

Keywords: *film, cinema, theater, actor, director, image, cameraman, composer, cinematography, role.*

Шәкен Айманов – қазақ кино өнерінің негізін қалаған тұңғыш режиссер. Қазақ өнеріне алғаш әуесқойлық қызығушылықпен келген Шәкен Айманов алғашқы қадамын ауылдағы клубтар мен мектеп өміріндегі шағын сахналардан бастаған. Бертін келе соғыс жылдары қазақ жеріне аударылған орыс киногогерлері мен шығармашыл топтардың тікелей әсерімен қазақ театр өнерін меңгерген өнерпаз, киноөнеріне де өз үлесін қоса бастайды. Шәкен Аймановтың өнердегі негізгі мақсаты – актерлік саланы дамыту болған. Бойында тұнып тұрған таланты мен жаңашыл ізденісінің нәтижесінде Айманов – театр актерлігінен – киноға, театр режиссурасынан – кинорежиссураға бет бұрып, егіз өнердің қос ағымында қатар алып жүреді. Осындай ізденістерінің нәтижесінде – қазақ кино өнерінің тууына тікелей себепкер болған, тұңғыш кинорежиссер.

1954 жылы жарық көрген «Махаббат туралы аңыз» фильмі - ұлттық режиссураның алғашқы қарлығашы. Ш. Айманов - кино саласында да ұлттық ұстанымдарын шебер пайдалана білді. «Махаббат туралы аңыз» 1954 ж, «Дала қызы» 1954 ж, (К. Гаккельмен бірге), «Біз осында тұрамыз» 1957 ж, «Біздің сүйікті дәрігер» 1957 ж, «Бір ауданда» 1960 ж, «Ән шақырады» 1961 ж, «Жол торабы» 1963 ж, «Алдар Көсе» 1964 ж, «Атамекен» 1966 ж, «Тақиялы періште» 1968 ж, «Атаманның ақыры» 1970 жылдары түсірген фильмдері қазақ кино өнеріне көркемдік төлтумалық дарытқан өміршең туындылар.

Шәкен Аймановтың шығармашылық өсу жолы қазақ киносының басты кезеңдерімен тұтастықта қарастырылады. Кеңес

кезеңі киносының көпұлттық киносы тарихынан режиссура шеберлігіне сатылай келген Шәкен Айманов өзінің үздік туындылары арқылы қазақ ұлттық кинорежиссура мектебін қалыптастырды. Жалпы 1960-1970 жылдар қазақ киносының тарихында «алтын дәуір» болып саналады. Себебі бұл кезде Ш. Айманов сияқты талантты режиссерлардың ірі мектебі болды. Тарихи биографиялық, комедия, балаларға арналған фильмдер мен жанрлық жаңарудың, актерлік өнердің кәсіби мектебі де қалыптасқан кез болды.

Ш. Айманов фильмдері арқылы ашылған қазақ киносының дарынды актерлары: Елубай Өмірзақов («Атамекен» - қарт), Әмина Өмірзақова («Тақиялы періште» - Тана ана), Нұрмұхан Жантурин («Атаманның ақыры» - полковник Абылайханов), Зәмзәгүл Шәріпова («Дала қызы»), Асанәлі Әшімов («Бір ауданда», «Атаманның ақыры» - Қасымхан), Фарида Шәріпова («Жол торабы»), Бибігүл Төлегенова – («Дала қызы», «Біздің сүйікті дәрігер», «Тақиялы періште»), Ермек Серкебаев – «Біздің сүйікті дәрігер», «Тақиялы періште», Мұрат Ахмадиев - «Атамекен», «Тақиялы періште» фильмдеріндегі эпизодтық рөлдері.

1964 жылы жарық көрген «Алдар Көсе» фильмінде бас кейіпкер Алдар Көсені актер, фильмнің қоюшы режиссері Ш. Айманов өзі сомдады. Айманов қазақ театрының сахнасында кесек-кесек рольдерді сомдаса, оның кинода да актерлік ерекшелігі болды. Ұлы Ч. Чаплин жасаған комедия көбіне пантомимаға негізделсе, Аймановтың Алдар Көсесі қарапайым ғана қазақы қалжың мен ұлттық болмысқа құрылған. Актер ойыны қалың көрермен ойына сінді, себебі Айманов жасаған ерекшелік – қазаққа тән табиғи нәрсе, ұлттық күлкі болды.

«Алдар» деген біздің ұғымымызда көрінген күлкі қылатын, сайқымазақ болып қалыптасып кеткен. Бірақ шын мәнісінде олай емес. «Алдар» деген Алланың бір аты. Теңсіздің кегін алып берген, біреудің есесін қайтарған, озбырды тәубасына келтірген, жоқты бар бар қылуға тырысқан жан.

«Алдар Көсе» - XI ғасырда пайда болған аңыз. Ол екі халықта – қазақ пен түрікте ғана бар. Ш. Айманов осы теріс түсінікті түзетті. Сайқымазақ Алдардан үлкен ақылды шығарды. Трагедия жасады». [1, 3] – деді драматург Қалихан Ысқақ.

1966 жылы түсірілген «Атамекен» картинасының орны тіптен бөлек. Актер Елубай Өмірзақовтың сомдауындағы қария соғыс біткеннен бір жылдан соң немересімен Ленинград түбіндегі ауылға жерленген солдат ұлының мүрдесін туған жеріне, қазақ даласына алып келіп жерлеу үшін сапарға шығады. Алайда онда жеткен соң

олар біріне ұл, біріне әке азаматтың зиратта әскери жолдастарымен бірге жерленгенін білген соң ойларынан қайтады. Өйткені, қаза тапқандарды бүкіл халыққа ортақ қайғы мен бүкілхалықтық ерлік мәңгілікке туыстырған. Сол уақытта саясаттың қысымына қарамастан, экранда Аллаға бес уақыт құлшылық ететін қария бейнесін суреттеуі, автор мен режиссердің кеңес заманы тұсындағы өз еліне, ата-бабасына деген сенімін жоғалтпаған жандардың азаматтық борышы деп қабылдадық. Фильмдегі бас кейіпкер қарияны сомдаушы актер – Елубай Өмірзақов өз кейіпкерінің бейнесін ашуда – қазақ қарияларының ұлттық болмысын жан-жақты суреттеген.

«Ш. Айманов «Атамекен» фильмі арқылы көрерменді патриоттық сезімге тәрбиелеуді мақсат тұтса, келесі туындысы «Тақиялы періште» фильмін барша көрерменге арнап түсірді.

Киношығарманың оқиға желісі – ауылда тұратын ананың қаладағы салт басты ұлына келіп, соған қалыңдық іздейтіні. Ұлының өзі епелейсіз, ұялшақ. Содан да қыздарға барып, батып сөйлесе алмайды. «Бұлай болмайды» деп шешесі іске кіріседі. Талай қызықты, күлкілі оқиғалар болады. Александр Зацепин жазған жан тербейтін әуезді саздар, Марк Беркович жарқыратып – жалқындатып түсірген Алматының, Алатаудың ғажап көркем көріністері – бәрі тамаша! Басты рөлдегі Әмина Өмірзақова да ғажап! Комедияға сусап отырған жұрт оны жылы қарсы алды.

«Өзім және өнерім туралы» деген кітабында Шәкен ертеректе түсірілген «Біздің сүйікті дәрігер» және жаңа ғана біткен «Тақиялы періште» кинокомедияларын талдай – бағалай келіп, олардың режиссерлік, актерлік, операторлық, музыкалық, бейнелеу жақтарының жоғары, мықты болғандықтарын айтады да «бұлардың ең осал жері – сценарий еді» деп тоқталады. Жалпы оқиға желісінің жеңілдеу болғанын, әрекет – қимылдардың кездейсоқтау көрінетінін айтып, тағы да біткен істен мін тауып тұрады. Дегенмен, оларға сонша еңбек кетіргеніне еш өкінбейтінін айтады. Өз сөзінің қорытындысында: «Киноны бар халық – ерлер де, әйелдер де біледі, білгесін сынайды» - деген [2, 72].

Қазақ киносында ана бейнесімен танылған талант иесі – Ә. Өмірзақованың шығармашылық жолында жарқ еткен рөлінің бірі Ш. Аймановтың «Тақиялы періште» фильміндегі Тана бейнесі. Әмина Өмірзақова қазақ театр және кино өнерінің алғашқы негізін қалаушылардың бірі. Ә. Өмірзақова өзінің бір естелігінде: «киноөнеріндегі режиссер А.Карпыковтың «Ана туралы аңыз» фильміндегі басты рольден кейін, күндердің бірінде Шәкен әзілдей тұрып, мен үшін комедиялық роль жазылып жатқанын айтты.

Содан кейін ойын – қалжыңсыз «Тақиялы періште» туындысының сценарийімен танысып шығуды ұсынды. Бұл мені қуантты, әрі қобалжытты, өйткені комедиялық ролдье ойнап көрмеп едім. Шәкең көңілімді демеп, «сен сан алуан типаждар жасауға жаралғансың» [3, 61] - деп күлді. Осы тұрғыдан сипаттар болсақ Ш. Аймановтың өз фильмдеріндегі кейіпкерлерге актерді тағайындауда аса бір ұқыптылық пен көрегендік қасиетін шебер қолданғанын байқаймыз. Осы ұтымдылығын «Тақиялы періште» фильміндегі көрерменді баурайтын нәрсенің біріншісі комедияға тән табиғилық болса, екіншісі – сол әзіл-қалжыңды бермен қарай жеткізуші актерлік шеберліктің мықтылығы болды. Ә. Өмірзақованың керемет сомдауындағы Тана жеңгей, сүйікті ана бейнесі сол уақытта көрерменге қажет болғаннан туған кейіпкер. Ауылдан қалаға келген Тана ана баласы Тайлақтың бойдақтығына төзбей, «ер бала жалғыз тұра алмайды, оның қасында қолдаушы-анасы, және сүйікті әйелі болу керек» -деген ұранмен қала ішінде келін іздеп, баласына жеңгетай болады. Бірақ, анасының таңдауындағы қыздарға көңілі толмаған Тайлақ жар болатын сүйіктісін, өзі іздеп табады. Баласына жар іздеймін деген Тана апай өзінің алғашқы махаббатымен бірнеше жылдан соң кездеседі. Ол ғашығы Тайлақтың болашақ жары Айшаның әкесі – Тайыр еді. Шытырман оқиғалар мен естеліктерге арналған фильмнің соңы сәтті кездесу, қос тойдың қуанышымен аяқталады. Бодандықтың құрсауындағы түрлі ұлттар араласқан кеңестік кезеңде туса да, фильмдегі Тайлақ пен Тана – ұлттық шеберханадан туған бейнелер.

«Тақиялы періштедегі» актриса ойнаған Тана ролі көпшілікке Тайлақтың анасы ретінде есте қалып, әрі қалың жұртшылықтың махаббатына әлі күнге дейін бөленіп келе жатқан фильм.

1970 жылы жарық көрген «Атаманның ақыры» атты детективінде – Н. Жантурин, А. Әшімов, Н. Ықтымбаев сынды қазақ киносының жарық жұлдыздары бас қосқан кезекті фильм. Фильм жиырмасыншы ғасырдың 20-шы жылдары аумалы да төкпелі заманының дүрбелеңіндегі Қазақстандағы оқиғаны қамтиды. Оқиға өмірден алынған болса да, басты назарын Ш.Айманов тарихи факті оқиға желісіне емес, керісінше, сол замандағы адамдар санасына, олардың бір-біріне деген қарым – қатынасына аударады. «Әр ойдың – замысельдің басында автормен бірге бірден болашақ режиссер тұрса, ол ой «жетім» қалмай іске асып, қайтсе де фильмге айналатынын кино өнерінің тарихы талай дәлелдеген. Бұл жолы «Атаманның ақыры» ой – идеясының басында Шәкеннің өзі болды. «Атамекен» мен «Тақиялы періштеден» кейін ол енді әрі жұрт қызыға, құмарта көретін, әрі

мағна – мазмұны салмақты бір келелі де күрделі дүние жасасам деп ойланып жүрген. Шәкеннің жіті көзі осы материалдан сондай фильм шығатынын бірден көрді.

Жалпы, актерлер құрамын Шәкен өте жақсы іріктеген. Ең залым да, ең арам Ионаның ролінде белгілі артист В. Иванов (авторлар сол Ионаны да біз осылай елестеткен едәк дейді кейін), Кривенко ролін тамаша артист В. Гусев, орындады. Ол бұрын да Шәкеннің фильмдеріне талай түскен. В. Авдюшко мен Ю. Саранцев милиция бөлімінің бастығы Суворин мен сол бөлімнің қызметкері ролін атқарды. Абылайханов ролінде белгілі актер Н. Жантурин өзін – өзі тағы бір көрсетті. Қосалқы, көмекші рольдерді атқарушы актерлер де ансамбльге біртұтас еніп, жарасып тұр» - деген пікірін, осы киноның шығуына тікелей қатысқан кино тарихшы К.Смаилов. [2, 44]

Қазақ киноөнерін дамытуда орыстың кәсіби мамандарымен шығармашыл байланыста бола отырып, ұлттық кино мен қазақ актерлік мектептің негізін қалауда Ш. Айманов осындай ұтымды қызметтерді атқарды.

«Атаманның ақыры» – ұлы режиссердің соңғы да соқталы жұмысы болды. Кезінде Кеңес Одағындағы киномамандардың назарына ерекше ілінген туынды Айманов шығармашылығының ең шарықтау кезеңіндегі өткір сюжетті, фильмдегі актерлік құрамның шебер іріктелген ансамблі бар көркем деңгейдегі кинотуынды болды. Өз уақытында аталмыш фильм қоғам қайраткері Д. Қонаевтың тікелей тапсырмасымен дүниеге келген еді.

Шәкен Айманов – актер ретінде алдымен кейіпкерінің жан дүниесін ашуға және соған лайықты ұтымды әрекет қимылдар жасау шеберлігімен ерекшеленсе, режиссер ретінде шығармаға көркемдік идеялық мазмұнын дарытуға, ұлттық ерекшеліктердің бояуын қанық етуге, заман мен қоғам туралы философиялық ой толғам жасауға айрықша мән бере білетін дарынды суреткер. Қазақ киноэкранында Ш. Айманов әр түрлі кейіпкерлер бейнесінің тұтастай галереясын жасауда бірнеше актерларды тұлға етіп қалыптастырды. Ағайынды Ғабдуллиндер, Е. Серкебаев, Б. Төлегенова сынды опера және эстрада жұлдыздарына өнерін экранда да актерлік мүмкіндіктерін көрсетуге жол ашты.

Режиссердың оператормен, композитормен, суретшімен жұмыс жасау ерекшелігінің де басым екенін фильмдеріндегі жұмыс нәтижесінде көрінеді. Ш. Айманов шығармашылық жолында тек бір топ актерларды танымал студент бөлек, киносценарийстер мен қоюшы оператор, суретшілердің де киноөнерінде тұлға болып

калыптасуына зор ықпалын тигізді. Атап айтсақ, олар – Олжас Сүлейменов, Марк Беркович, Эльдар Оразбаевтар.

Шәкен Айманов – қазақ өнерінің майталманы, жарық жұлдызы, классигі. Режиссер – Ш.Аймановтың өнердегі еңбектеріне кинотанушы Нөгербек Б: «Ш.Айманов - актерлік киноның негізін қалаушы. Ш.Айманов кинолары – ұлттық бағытта түсірілген фильмдер. Бұл кісі арнайы кинематографиялық білім алмаса да, осы өнерді жақсы меңгерді. Себебі ол кісі өнер жолын театрдан бастады. Театр – актерді көп нәрсеге баулып, өнердің қырсырына үйрететін мектеп. Ал бұл кісілердің ұлылығы сол – театрда жүріп үлкен өнерді жан-жақты түсінді. Ш. Аймановтың актерлік жұмысы «Жамбыл» фильмінен басталған, ол кезде актер 39 жаста болатын. Бірақ фильмде 90 жастағы қарияны ойнады. Ш.Айманов – өзі керемет актер. Импровизацияға өте шебер кісі. Мысалы, «Жамбыл» фильміне түскен кезде ол кісі бәрін бір дубльмен ғана ойнайды». Егер қажет деп тауып, қайта дубль жасай қалатын болса, ол алдыңғы ойынын мүлде қайталамай, басқаша ойнап шығады екен. Соған қарағанда ол кісі киноға түсу барысында өзін өте еркін сезінетін болса керек. Кез келген фильмін қарасаңыз, өзі актер болғаннан кейін ол актерлерінің бәріне еркіндік берген. Актердің табиғатын түсіне білу де – режиссер үшін үлкен өнер. Осы тұрғыдан алғанда, Шәкен аға актерлік киноның негізін қалаған деп ойлаймын. Актерлік шеберлік, актерді ойнату жағынан алып қарағанда осы өнердің ең биік шыңы дер едім. Ол кісінің «Атамекен», «Алдаркөсе», «Атаманның ақыры» секілді керемет туындылары бар. Бірақ солардың ішіндегі «Атамекен» мен «Алдаркөсе» фильмін ерекше кинолары деп атаған болар едім.

Екі фильмде екі түрлі жанрда түсірілсе де, терең философиялық ойға негізделген. «Біздің сүйікті дәрігер», «Тақиялы періште» - қазақ киносына қосылған классикалық туындылар. Ш.Аймановтың режиссерлік қабілетін айқын көрсеткен «Атамекен» фильмінің ерекшелігі сценарийінің мықтылығында. Оның сценарийі режиссердің тікелей тапсырысымен дайындалған. Фильмде ұлтқа қатысты көптеген мәселелер көтерілген. Бірақ олардың көпшілігі экранға жол тартар алдында кесіліп кетті. Әйтсе де өте мықты шыққан фильм. Фильмде қазақ қарияларының бейнесі керемет ашылған. Соғысты ғана емес, онда режиссер ұлттық мәселелерді де көтерген. Ұлының сүйегін өз жеріне әкеліп жерлегісі келетін ақсақалдың жан күйзелісі шебер берілген. Фильмдегі Елубай Өмірзақов кейіптеген қарияның әр қылығын үлкен ерлік деп айтуға болады. Ш.Айманов – қазақ киносында ұлттық тақырыптарды көтерген бірінші режиссеріміз. Аталмыш

жұмыстарының арқасында ұлттық сананың оянуына біраз еңбек сіңірді. Ш.Айманов – «Кино – елдің төлқұжаты» деп түсінді» - дейді кинотанушы Нөгербек Б.Р. [4, 43-44]

Ш. Айманов фильмдерінде басты кейіпкерлер «Атамекендегі» - қарт Елубай Өмірзақов пен «Тақиялы періштедегі» Тана ана, Ә. Өмірзақованың сомдаған бейнелерінен қазақтың қариясы мен ана бейнелерінің ұлттық болмысын көреміз. Оған дәлел режиссердің киноларын өміршең етіп түсіргендігі мен кейіпкерлерді сомдауда кәсіби актерларды ұтымды таңдай алуындағы шеберлігі десек еш қателеспейміз. Сол секілді режиссер шығармашылығындағы тағы бір ерекшелік - қазақ киносына өзге ұлт өкілдерінің де шеберлерін кейіпкер етіп енгізе білуіндегі көрегендігі.

«Шәкен Айманов көрегендігін, Айманов байқампаздығын, абыройлы суреткер алғырлығын айтқанда, сол, ұлттық кино өнеріміздің көсегесін көтеру жолында оның әр халықтың озық ойлы, тамаша талантты артистерін ортақ жұмысқа бір кісідей жұмылдыра білгендігін есте ұқсаған ләзім. Е.Я.Диордиев, Ю.Б.Померанцев, Е.В. Попов, Қ.Абдурасулов, И.Сетеков, А.Ли сынды республикамыздағы байырғы орыс, ұйғыр, кәріс өнерпаздары мен бірге Стрежельчик, Иванов, Любшин тақілеттес Ресейлік шеберлердің орындаушылық тәжірибелерін өз шығармашылық жұмысына әдемі пайдалана білді. Бұл сайып келгенде, қазақ өнерінің игілігі, халқымыздың рухани ырысы. «Біздің сүйікті дәрігер» (1958 ж), «Тақиялы періште» (1969 ж), «Атаманның ақыры» (1970 ж) фильмдерін көрген кісі осы айтқандарымыздың толық куәсі болатыны сөзсіз» - [5, 75] дейді, профессор Ә. Сығай.

Ш. Аймановтың режиссерлік қыры жайлы О. Сүлейменовтің: «Режиссер мамандығы – көркемөнердегі ең қиын мамандықтың бірі. Режиссер сөзді - ақынша, музыканы - композиторша, көріністі - суреткерше, ой – пікірді философша түсінуі керек. Осының бәрі жеке бір адамның басында болса, біз онда оның өз өнерінің машықтанған үлкен шебері екенін көрер едік. Шәкен Аймановтың бойында жалғыз режиссерлік емес, барлық суреткерлерге тән негіз бар еді» - дейді. [6, 266]

Актерлік шеберлік жайлы, режиссер Ш. Айманов тереңнен жан-жақты ойлар тұжырымдайды. Әрі актер – комедия, детектив, тарихи сынды киножарлардың бәрімен жұмыс жасау арқылы актердің әртүрлі характердегі бейнелерін ашуға ұмтылу шарттылық деген. Осыдан болар, Ш. Айманов фильмдеріндегі бір өзгешелік; оқиғасы-актеріне, табиғаты – мазмұнына, айтар ойына ұштасып, өмірді көркемдік тұрғыда шебер суреттеген режиссерлік

көзқарасының шеберлігінен байқаймыз. Ұлттық нақышта арнайы еңбек етіп, актерлар қауымын жете тәрбиелеген Айманов мектебі, ондағы:

Әмина Өмірзақова («Тақиялы періште» 1968 ж – Тана комедия жанрындағы кейіпкер)

Елубай Өмірзақов («Атамекен» 1966 ж, тарихи драма жанрындағы қарт бейнесінде)

Фарида Шәріпова («Жол торабы» 1963 ж, Ғалия)

Нұрмұхан Жантурин («Атаманның ақыры» 1970 ж, полковник Абылайханов)

Асанәлі Әшімұлы («Атаманның ақыры» 1970 ж, Қасымхан) сынды беделді актерлар, режиссер шығармашылығын асқақтатып, дәріс алған өнер иелері.

Өзі актер, режиссер, киноактер, кинорежиссер ретінде сахна мен экран өнеріне өзінің ептілігімен ғана емес, бойындағы дарындылығының табиғилығын пайдалана отырып, өнердің егіз саласында да аянбай еңбек етіп, алғаш қос өнердің кәсіби кірпішін қалаған майталман. Кино өнерінде актер, режиссер, көркемдік жетекші ретінде 19 фильм жасауға қатысқан. Қазіргі таңда Ш.Аймановтың есімімен еліміздегі басты «Қазақфильм» киноөндіріс орталығы аталады. Ш.Айманов қазақтың тұңғыш кинорежисері ретінде көптеген мәселелердің шешімін іздеуге мәжбүр болды.

1960-70 жылдар аралығында ұлттық кино өнерінің өсіп өркендеуіне айтарлықтай үлес қосқан режиссер ретіндегі ерекшелігіне: «Біздің сүйікті дәрігер» 1957 ж, «Бір ауданда» 1960 ж, «Ән шақырады» 1961 ж, «Жол торабы» 1963 ж, «Алдар Көсе» 1964 ж, «Атамекен» 1966 ж, «Тақиялы періште» 1968 ж, «Атаманның ақыры» 1970 ж, сынды он жыл аралығында түсірген фильмдері дәлел болады.

Қазақстанның ұлттық кино өнерінде де кинокомедия маңызды орын алады. 1970 жылға дейін жасалған көркемсуретті алпыс сегіз қазақ фильмдерінің оны комедия екенін айтсақ жетіп жатыр. Олардың ішіндегі сәтті шыққандары режиссер Ш. Айманов жасаған – «Біздің сүйікті дәрігер», «Тақиялы періште» фильмдері. «Біздің сүйікті дәрігер» лентасы адамдар арасындағы сыйлы достықты бейнелейді, ал «Тақиялы періште» фильмі семья қарым-қатынасындағы озық және тозық дәстүрлерді баяндайды. Сондай – ақ бұл фильмдер де музыка да, ән де әр мақсатта пайдаланылады.

Мысал ретінде Ш.Айманов жасаған фильмдерді алалық. «Біздің сүйікті дәрігер» фильмінде ән мен музыка фильм сюжетінің негізгі арқауы болса, «Тақиялы періште» фильмінде ән мен музыка

қосалқы сыпаттама (бияз семьясының талабы мен таланттылығын көрсететін) ретінде ғана қолданылады. «Біздің сүйікті дәрігер» фильмінде комедиялық оқиға ән мен музыка және әзіл мен қалжың әрқилы берілсе, «Тақиялы періште» фильмінде комедиялық оқиға адам характері, адамды күлдірмей қоймайтын қолайсыз қылықтары мен мінез-құлықтарын келекелеу, мазақтау арқылы өрістеледі. Творчестволық тәсілдерінің мұндай айырмашылықтарына қарамастан бұл екі кинокомедияны жақын ететін елеулі жағдай – екеуінің де бүгінгі заманның аса маңызды проблемаларын, атап айтқанда совет адамдарын коммунистік рухта тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешуде комедия жанрының әсерлі мүмкіндіктерін барынша пайдаланған – [7, 164-165] деп киносыншы Қ. Сиранов өз еңбектерінде сипаттап өткен.

Дегенмен Аймановтың өзіндік ерекшелігі көрініп-ақ тұрады. Егер Ч. Чаплин жасаған комедия көбіне пантомима мен гэгтарға негізделіп жасалынса, Аймановтың комедиясы қарапайым ғана қазақы қалжыңға құрылған. Ол ешбір күмәнсіз көрермен ойынан өтті, себебі біздің комедиядағы Айманов жасаған ерекшелік – тек бізге ғана тән табиғи нәрсе, яғни, ұлттық күлкі.

Ш. Айманов қазақ кино тарихында ұлттық режиссураны қалыптастырып, алтын қорға 14 фильмді, тарихты жасап кеткен суреткер. Ш. Айманов шығармашылығындағы актерлік өнер мен режиссурасындағы қолтаңбаларынан өнерге деген адалдық, махаббат, зор сүйіспеншілік пен рухани тереңдікті байқаймыз. Елінің өткеніне бас иіп, келешегі үшін күрескен Аймановтай азаматтың актерлік ойынынан, фильмдерінен, өзге актерлерді ойнатуынан адам бойындағы екі асыл қасиет адамгершілік пен қарапайымдылықты көруге болады.

Ш. Айманов – қазақ киносында алғашқы ұлттық кино тарихын қалыптастырған хас тұлға. Ол өз фильмдерінде – ұлттық бейнелер қазақ қариясын, анасын, батырларының бейнесін суреткер ретінде шебер жасай алды

Әдебиеттер:

1. Ысқақ Қ. Қазақ киносы. – Ақжол газеті. – 1997. – 10 маусым.
2. Смаилов. К. Фильм осылай туады. – Алматы: Өнер, 1981. – 120 с.
3. Өмірзақова Ә. Интернет желісі. «Азаттық радиосы», [//www.azattyg.org/](http://www.azattyg.org/) 10.04.2009 жыл. Ә. Өмірзақованың туғанына – 90 жыл.
4. Нөгербек Б.Р. Аңыз адам. – 2011. – №13(25).
5. Сығай.Ә. Актер әлемі. – Алматы: Ан – Арыс. – 2008.
6. Сүлейменов О. Айманов Ш. Фотоальбом. – Алматы: Өнер, 2004.
7. Сиранов. Қ. Кино туралы әңгіме. – Алматы: Жазушы, 1973.

FTAХР 18.67.01

Д.А. Чаргинов¹

*¹Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
(Алматы, Қазақстан)*

КИНООПЕРАТОР АСХАТ АШРАПОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІ

Аннотация

Аталмыш мақалада қазақ киносындағы операторлық өнер мектебінің қалыптасуына зор еңбек еткен, белгілі кинооператор, қазақ КСР-нің еңбек сіңірген қайраткері – Аирапов Асхат Тазетдиновичтің шығармашылығы жайлы айтылады. Зерттеліп отырған мақаланың құндылығы сол, бүгінгі таңда кинооператор А.Аирапов туралы мұрағатта, республикалық басылым беттерінде немесе зерттелген дипломдық, магистрлік жұмыстарда ана тілінде жазылған ақпараттар легі жоқ. Сайып келгенде, А.Аирапов ұлттық киноның негізін қалаушы Ш.Айманов, С.Қожықов, М.Бегалин, В.Пусырманов сынды режиссерлермен етене жұмыс жасап, бүгінде алтын қорда сақтаулы классикалық фильмдердің бас операторы болып қызмет атқарған. Сол еңбекті ескерсек, оператор А.Аирапов шығармашылығын зерттеп, зерделеу өз маңыздылығын еш жойған емес.

***Түйін сөздер:** оператор, кинооператор, фильм, режиссер, суретші, камера, план, түстік шешім.*

Д.А. Чаргинов¹

*¹Казахская национальная академия искусств им.Т.Жургенова
(Алматы, Казахстан)*

ПЕРВЫЙ ЭТАП ТВОРЧЕСТВА КИНООПЕРАТОРА АСХАТА АШРАПОВА

Аннотация

В данной статье говорится о творчестве Аирапова Асхата Тазетдиновича, который является заслуженным деятелем казахской ССР, известным кинооператором, внесший вклад в формирование операторской школы искусства в казахском кино. Ценность данной статьи заключается в том, что мы не имеем информацию об А.Аирапове в архиве, на страницах республиканских издательств или в исследуемых дипломных и магистерских работах на родном языке. А.Аирапов тесно сотрудничал с основателем национального кино Ш.Аймановым, с такими режиссерами, как С. Кожыков, М. Бегалин, В. Пусырманов, работал главным оператором классических фильмов золотого фонда. Учитывая его вклад, изучение творчества А.Аирапова является немаловажной задачей.

***Ключевые слова:** оператор, кинооператор, фильм, режиссер, художник, камера, план, решение.*

D.A. Charginov¹

¹ *Kazakh National Academy of Arts named after T. Zhurgenov
(Almaty, Kazakhstan)*

ASKHAT ASHRAPOV'S FIRST STAGE OF WORK

Annotation

This article deals with the work of Askhat Ashrapov Tazetdinovich, who is a well-deserved figure of the Kazakh SSR, a famous cameraman who contributed to the formation of an operator's art school in Kazakh cinema. The value of this article is that we do not have information about A. Ashrapov in the archive, on the pages of the republican publishing houses or in the researched diploma and master's works in the native language. A. Ashrapov worked closely with the founder of the national cinema Sh.Aimanov, with such directors as S.Kozhykov, M.Begalin, V.Pusyrmanov, worked as the main operator of classical films of the gold fund. Given his contribution, the study of A. Ashrapov's work is an important task.

Keywords: *operator, cameraman, film, director, artist, camera, plan, solution*

Көп жылғы жинақталған шығармашылық тәжірибе көрсеткендей көпшілік көрермен үшін фильмдегі актер ойыны қашан да алдыңғы қатарда тұрады. Есте қаларлық сәтті туындылардың өзін тек рөлді сомдаған актер арқылы еске түсіріп жататын сәттер де жиі кездеседі. Шындығында сол актер сомдаған экрандық кейіпкердің мінезін ашуда «кинооператор» маманының алар орны ерекше екендігі қарапайым көрермен қауымға беймәлім. Кинооператорға актер сынды танымал болу бұйырмаған. Өкінішке орай, белгілі бір фильмді көбіне қоюшы-режиссері, басты рөлде сомдаған актерлер арқылы ғана танып білу санамызда қалыптасқан. Ал кинотуындыны кәсіби тұрғыдан бағалайтын мамандар үшін фильмнің өндірістік дайындығынан түсірілім алаңына дейінгі ұзақ жолда бірлесе жұмыс істейтін негізгі үш маманның шығармашылық үйлесім тапқандығы маңызды. Олар: қоюшы режиссер, суретші және оператор. Осы үштіктің ортақ пікірін саралай келіп, таспа бетіне көркемдік шешім арқылы бейне түсіретін шебер – кинооператор.

Қазақ кино өнерінің қалыптасу жылдары мен даму, өрлеу кезеңдерінде ұлттық режиссура мектебімен қатар ұлттық операторлық өнер бағыты да қалыптасты. Бүгінгі күнге дейінгі жинақталған ұлттық киномыздың озық үлгілері мысалында операторлық шеберлік тәжірибесін мол мұра етіп қалдырған өнер майталмандарын мақтанышпен айта аламыз. XX ғасырдың ғажайыбы болған кино өнерінің қазақ даласына кештеу келгеніне қарамастан, ұлттық кино мектебінің қалыптасуына атсалысқандар

катарында алғашқы операторлардың үлесі мол болды. Оған бірден бір себеп – кино саласына қызмет етуге даяр келген алғашқы буын өкілдерінің зор ынтасы еді. Операторлық өнерде шеберлігін шет елдерде шыңдап келген жас мамандар қызмет ете бастады. Қазақ киносындағы операторлық мектептің алғашқы қалыптасу жылдарына тұспа-тұс келген Е. Тынышбаев, А. Ашрапов, М. Аранышев, М. Беркович, Ә. Қастеевтер сынды мамандардың шығармашылығы кейінгі буынға жол ашып берді десек те болады. Бірінші болу қашан да қиын, алғашқы буын оператор мамандығының иелеріне шығармашылық ізденіс бағытында үлкен жүк артылды, десек те, еңбектің соншалықты ауыртпалығын көре тұра, мамандыққа деген қызығушылықтарын олар еш жоғалтпады. Осы бір ұстаныммен келген бұл киномамандардың ұлттық киноның даму жолында атқарған қызметтері аз емес.

Жоғарыда атап өткен операторлардың ішінде қазақ кинооператорлық өнерінің қалыптасуына өзіндік қолтаңбасын қалдырған белді еңбек ері, қазақ КСР-нің еңбек сіңірген қайраткері – Ашрапов Асхат Тазетдинович. 1931 жылы 15 сәуір Башқұрт АССР-на тиесілі Макаров ауданының Куияков ауылында дүниеге келген бала Асхат жастайынан алғырт, зерек болып өседі. Оқушы Асхаттың мектептегі үлгерімі үздіктер қатарында болған. Жақсы үлгерімін байқаған әке-шешесі оны Уфа қаласында ашылған интернатқа жіберуді жөн көреді. Кішігірім ауылды тастап, жас бала үлкен қалаға аттанады. Өзінің естеліктерінде Асхат Ашрапов: «Мен интернатқа аттанарда әкемнің сырқаттанғанына байланысты пойызбен Уфаға жалғыз баруға тура келді. Осы бір кезден өз бетімше шешім қабылдап, алдыда кездесер түрлі белестерді әкемнің көмегінсіз өткеруіме тура келетінің сезгендей едім» – дейді. Интернаттағы оқуын үздік тәмамдаған Асхат Ашраповтың ендігі мақсаты өзі қалаған жоғарғы оқу орнына түсу еді.

Д. Өмірбаевтың «Жаңа фильм» журналында жарық көрген сұхбатында оператор А. Ашрапов жастық шағында кино жайлы түсінік қалыптаспағанын, дегенмен кино түсіру процесіне бала кезінде куәгер болғанын жасырмай айтады: «Таң атысымен әкем ерте тұрып, атын ерттеп жолға шығып кететін. Бұл әрекеті күнделікі дағдыға айнала бастады. Әкемнің таң бозымен қайда кететіні бізге белгісіз болатын-ды. Кейінірек түсіндік, біздің ауылдың маңында кішігірім фильмнің түсіру процесі қызу жүріп жатыр екен. Ауыл маңы режиссер Я. Протозановтың «Салават Юлаев» фильмнің түсіру алаңына айналған болу керек. Түсірілім

барысында әкемнің атты әскердің қатарында жүріп фильмге түскені мені өзінше бір қуантты. Ауылдастарымның қуанышы тіпті, өзгеше болды. Себебі олардың көбі фильмнің массовкасына шақырылды. Киноны экран бетінен тамашалап үлгермеген қарапайым ауыл халқы үшін көз алдарында бұл ғажайып, қолжетімсіз дүниелер болып жатты. Фильм аяқталып, түсіру тобы Мәскеуге кеткеннен кейін де ауылда олар жайлы жақсы естеліктер ұзағынан айтылды» [1, 18-19]. Жас баланың киноға деген қызығушылығы оянады. Туған ауылының маңындағы түсіру алаңын барып, онда жұмыла еңбек еткен киномамандарын көрген сәттен бастау алады. Бұндай жерде еңбек етудің өзі қызыққа толы екені оны одан бетер еліктіре түссе керек-ті. Мәскеудегі Бүкілодақтық Кинематография институтына тапсыруды көздеген бозбала А.Ашрапов «Операторлық» факультеттің беделді аға оқытушылары Тиссэ Эдуард Казимирович пен Гальперин Александр Владимирович шеберханасына оқуға түседі. А.Ашраповқа ұстаздық еткен екі шебердің бұл өнер жолына келуі кеңес одағындағы кино өнерінің өрлеу кезеңіне тұспа-тұс келгені тарих беттерінен белгілі.

А.Ашрапов студенттік жылдардан бастап операторлық өнердің әртүрлі қырларын жетік меңгеруге тырысты. Кинематографиядағы операторлық өнердің басты заңдылықтарына бағына отырып, мейлінше жаңа операторлық қолданыстарды меңгерді. Суденттік жылдарында үнемі ізденіс үстінде жүрген ол соңғы курстың өзінде-ақ өзіндік қолтаңбасын қалыптастыра бастады. Қажырлы еңбек пен талантының арқасында оқу қабырғасында жүріп көзге түскен. Соның нәтижесінде А.Ашраповтың «На берегу Оки» атты дипломдық жұмысы Канн кинофестивалінің студенттік фильмдер қатарына қатысып, алтын медальға ие болған. Аталмыш фильм әрі А.Ашраповтың шығармашылығы жайлы кинорежиссер Т.Теменов: «Бұл лента бөлек поэтикалық әңгіме іспеттес. Қызықтыра, құштарландыра Ока өзенінің әдемілігін жеткізеді. Бұл жерлер атақты суретшілер К.Коровин, В.Поленов, сонымен қатар сол мекеннің сұлулығын жырлап өткен қыл-қалам шебері К.Паустовскийдің туып өскен жерлері. Ұстазы Эдуард Тиссэ Асхат Ашраповтың дипломдық жұмысын көре отырып «Егер фильмнің әр кадры картина болып ұсынылса, сөзсіз мен бәрін сатып алар едім» [2, 5] – деп айрықша атап өтеді. А.Ашрапов фильмдерінің алды болып есептелетін бұл фильм беделді режиссерлердің тарапынан жоғары бағаға ие болып

жатса, ол оператордың аз уақытта жеткен жетістігінің көрсеткіші деп білеміз. Оператордың табиғаттың кербез сұлулығына ерекше көңіл бөліп, жоғарыда айтылғандай әрбір кадрды өзінше бір картина етіп жасауы, көрерменнің есінде біраз уақытқа дейін сақталатыны хақ. Бұл оператор А.Ашрапов шығармашылығындағы басты ұтымды қолданыстардың бірі.

Оқуын бітірісімен кәсіби маман атанған өнер иесі Қазақстанға жол тартады. Оған бірден-бір себепкер болған белгілі режиссер Шәкен Кенжетайұлы Айманов. Ол жайлы А.Ашрапов: «Қазақ өнеріне еңбек сіңірген көрнекті қайраткер Шәкен Аймановпен қоян-қолтық жүріп, қызметтес болған жылдарымды өмірімнің жарқын беттерінің бірі деп есептеймін. Сонау Москвада оқып жүрген шағымда, дәлірек айтқанда, 1955 жылы Шәкен ағамен таныстым. Сол таныстығымыз достыққа ұласып араласып кеттік. Үлкенге іні, кішіге аға бола білген Шәкен аға менің Қазақстанға келуіме себепкер болды. Шәкен ағаға дейін шоқ жұлдыздай жарқыраған әйгілі режиссерлер – С.Қожықов, А.Қарсақбаев, Қ.Әбусейітов барлығы «Алматыға кел» деп қолқалаумен жүретін. Мен тек Шәкен ағамен кездескеннен кейін ғана ойымды бекітіп, келісімді бердім» [3, 3]. А.Ашраповтың әрдайым қасынан табылған өмірлік ұстазы Шәкен Кенжетайұлы екеуі арасындағы алғашқы тандем осылайша өз бастауын алады.

Жас оператордың мамандық саласындағы тәжірбиесін арттыру мақсатында режиссер Ш.Айманов А.Ашраповты белгілі оператор М.Берковичпен таныстырып, түсіру алаңына екінші оператор ретінде жұмысқа алған. Жылдар бойы Шәкен Кенжетайұлымен жақсы әріптес болған кинооператормен бір алаңда жұмыс істеуге мүмкіндік алған А.Ашрапов үшін бұл үлкен сынақ алаңына айналды. Оқу қабырғасында алған теориялық білімін практикалық тұрғыда қолдана отырып, шеберлігін түсірілім алаңында көрсете бастайды. Ш.Айманов тарапынан туындаған қамқорлық, кәсіби кинооператор М.Беркович операторлық шеберліктің ерекшелігін операторға үйретуі оған деген сенімділіктерінің көрінісі болса керек.

Түсіру алаңында режиссермен оператордың белгілі бір көріністі түсіруде туындаған сауалдары болып тұратыны анық. Осындай тұста жас маман сәті келгенде өзіндік пікірін білдіруден жалтармаған. Жас оператордың тың жобаларға дайын екендігіне Шәкен Кенжетайұлы нақ сенді. А.Ашраповтың: «Шәкен аға ең соңғы «Атаманның ақыры» деп аталатын көркем суретті фильмін

маған «түсіресің» деп түбегейлі шешті. Шынында, бұл кезде ол режиссерлік бабына келіп, томағасын сыпырған бүркіттей жұтынып тұрған кезі-тін. А.Кончаловский мен Э.Тропининнің ықшам да мазмұнды сценарийі талғампаз режиссердің көңілінен шыға кетті. Сондықтан болар кино өтте сәтті шықты. Басында бір сериялы болады деп шешілген фильм оқиғасы екі серияға созылып кетті. Бүкіл әлемді аралап кеткен бұл фильм Шәкен ағаның кинематографияда сүбелі де жаңа тіл тапқанын паш етті» [3, 3].

Бұл аралыққа дейін толық метражды алты фильмнің түсіру алаңында қоюшы-оператор болып жұмыс атқарған А.Ашрапов, жетінші туындысының жұмысына толықтай кірісті. «Шәкен Айманов кино әлеміне тосыннан дүбірлетіп, атой салып оята келді, ұлттық киноның даму-өрлеу процесін тездетті. Қазіргі жас режиссерлердің Шәкен ағадан алатын тағлымы мол-ақ! Тек, ұлы суреткердің өмір жолына, шығармашылық соқпақтарына жіті назар аударса болды» [3, 3] – деп өз пікірін қалдырған.

А.Ашрапов шығармашылығының алғашқы кезеңіне назар аударсақ әлемдік кинематографияның алғаш қалыптасуынан қалған ақ-қара түсті фильмдер кезеңімен қатар, уақыт екпінімен келген түрлі-түсті фильмдердің кезеңінде де жұмыс істеп үлгергенін аңғарамыз. Операторлық еңбек жолында: «Егер біздің әрқайсымыз» (реж. С.Қожықов, 1961), «Ана туралы аңыз» (реж. А.Карпов, 1963), «Тұлпардың ізі» (реж. М.Бегалин, 1964), «Шындағы Шынар» (реж. С.Қожықов, 1965), «Ел басына күн туса» (реж. М.Бегалин, 1967) – ақ-қара түсті фильмдердің қоюшы-операторы болып жұмыс істеді. Ақ-қара түсті фильмдер кезеңі жалпы әлемдік кинематографиялық тарихта елеулі кезеңнің бірі болғандығын көрсетеді. Осы кезеңнің операторлары фильмнің мән-мағынасына демеу берер түстік шешімнің кинематографияға келерін біле қойған жоқ. Сондықтан да ақ-қара түсті фильмнің бар мүмкіндіктерін қолданумен шектелді. Осы бір кезеңнің фильмдерінде оператор бар мүмкіндікті актер ойынына арнады. Себебі оқиға желісінің өрбуі тек актер айналасында ғана жүзеге асты. Оператор түсірілім алаңында түрлі жасанды жарықпен жұмыс істей отырып, ақ-қара түстің контрасты арқылы оқиға желісіндегі біркелкі жайсыздық пен қуанышты қатар бере біледі. Мәселен, оператор А.Ашрапов «Ана туралы аңыз» фильмінде ақ-қара түстің контрасты көмегімен қарт ананың бейнесін жасап шығарды. Жарық пен ақ-қара түстің ортақ үйлесімін тауып, қосалқы техникалық мүмкіндіктердің арқасында,

фильмге арқау болар, сұрапыл соғысқа жалғызын жіберген ананың келбетін алып шығады. Киномамандар арасында күні бүгінге дейін сөз қозғалатын ана бейнесін жасап шыққан оператор, ана келбетінің авторына айналды. «Ел басына күн туса» (реж. М.Бегалин, 1967) фильмі де сұрапыл соғыс жылдарын суреттейді. Волокаламск түбіндегі ұрыс алаңын көрсету мақсатында оператор жалпы планды қолдана отырып ауқымдылықты көрсетеді. Оператор ақ-қара түстің үйлесімінен пайда болған сұр түсті фильмнің негізге түсіне айналдырады. Себебі оператор соғыс майданының суық атмосферасын беруді көздейді. Камера объективі сұр түстен пайда болған Генерал Панфилов пен Бауыржан Момышұлы сынды жарқын бейнелердің келуінен жігер алған соғыс сарбаздарының ерлігін баяндайды.

Сол бір уақыттың замандас бейнесін көрсеткен «Тұлпардың ізі» (реж. М.Бегалин, 1964) фильмінде кейіпкерлер арасындағы күрделі қарым-қатынасты суреттейді. Оператор бас кейіпкер Жауһазды көрсете отырып, екі кейіпкердің қарама-қайшы мінезділігін, ақ-қара түстегі жарық пен түрлі пландарды салыстырмалы түрде қолдана отырып береді. Оператор А.Ашраповтың Бүкілодақтық кинематография институтында білім алған кезеңі ақ-қара түсті фильмдер кезеңімен сәйкес келгендіктен, ұстаздардың берер білімі де соған негізделді. Түрлі-түсті фильмге жинақтаған тәжірбиесін оператор «Атаманның ақыры» (реж. Ш.Айманов, 1970) мен «Қыз-Жібек» (реж.С.Қожықов, 1970) фильмдерінде кеңінен қолданады. Оператор «Қыз-Жібек» фильмінде нағыз түстік шешіммен жұмыс істейді. Оператордың талғамы ең басты үш түске келіп тоқтайды, олар: ақ, қара, қызыл. Ол осы бір түстердің көмегімен фильмнің драматургиясын ашуды көздейді. Ақ түс – кемел болашақ пен жарқын күндердің белгісіне айналса, қара түс – жаугершілік заманның зардабы мен кеселін көрсетсе, қызыл түс фильмдегі басты трагедияны суреттейді.

Әдебиеттер:

1. Омирбаев Д. Асхат Ашрапов лента памяти //Новый фильм. – 1988 - №3. – 18-19 б.
2. Теменов Т. Оператор Асхат Ашрапов //Новый фильм. –1982. – №7. – 5 б.
3. Ашрапов А. Ұстаз, аға, дос Шәкен //Қазақ әдебиеті. – 1994. – №10. – 3 б.

МРНТИ 18.41.01

Г.М. Таниева¹

¹Нижегородский педагогический университет им. К.Минина
(Нижний Новгород, РФ)

МУЗЫКА КАК ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ СОЦИАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ У МОЛОДЁЖИ

Аннотация

Самоидентификация личности на основе музыки имеет многоуровневый характер. Она может протекать на сознательном и подсознательном, на профессиональном или социокультурном уровне. Разные стилистические и жанровые направления в музыке детерминируют её многофункциональную сущность как социокультурного явления, о масштабе которого мы задумываемся очень редко, несмотря на то, что она стала феноменом повседневности. В статье предпринята попытка установить связь между музыкальными предпочтениями и самоидентификацией молодёжи в социальном пространстве. Цель статьи – определить роль музыки и музыкальной деятельности в процессе самоидентификации.

Ключевые слова: Музыкальная идентификация, музыкальные предпочтения, музыкальная идентичность.

Г.М. Таниева¹

¹К. Минин атындагы Нижний Новгород педагогикалық университеті
(Нижний Новгород, Ресей)

МУЗЫКА ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ӨЛЕУМЕТТІК БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Аннотация

Тұлғаның музыка негізінде бірегейленуі көпсатылы процесс болып келеді. Ол саналы әрі санадан тыс түрде, кәсіби немесе социомәдени деңгейде жүзеге асады. Музыканың әр түрлі жанрлық бағыттары оның социомәдени құбылыс ретінде көп функциялы екенін анықтайды. Мақалада жастардың музыкалық қалаулары мен әлеуметтік кеңістікте өзін-өзі анықтауы арасында байланыс орнатуға әрекет етілді. Мақаланың мақсаты – өзін-өзі анықтау ПРОЦЕСІНДЕГІ музыка мен музыкалық қызметтің рөлін анықтау.

Кілт сөздер: Музыкалық идентификация, музыкалық артықшылық, музыкалық бірегейлік.

G.M. Tanieva¹

¹K. Minin Nizhny Novgorod Pedagogical University
(Nizhny Novgorod, Russia)

MUSIC AS A FACTOR FOR FORMING SOCIAL IDENTITY IN YOUTH

Annotation

The identity of the individual on the basis of music is multilevel in nature. It can occur on both the conscious and subconscious, professional or socio-cultural level. Different stylistic and genre of music determine its multifunctional nature as a

sociocultural phenomenon, on the scale which we think is very rare, despite the fact that it became a phenomenon of everyday life. In article attempt to establish a connection between music preferences and self-identification of youth in the social space. The purpose of this article is to define the role of music and musical activities in the process of self-identification.

Keywords: *Music identification, musical preferences, musical identity.*

Introduction.

Воздействие музыкального произведения на слушателя изучал Т. Адорно, который считал задачей социологии музыки «познание отношений между слушателями музыки как обобществлёнными индивидами и самой музыкой» [1]. Как музыкант и как социолог, он понимал тесную связь музыки с процессом социокультурной идентификации личности. Т. Адорно, изучая влияние музыкальных жанров в искусстве на развитие социальной структуры, считал, что «для социологии музыка должна означать нечто большее, нежели...осознанность ее структур и чисто информативное знание музыкальных феноменов» [2]. Он предполагал, что социологическое прочтение музыки заключается в конкретной расшифровке пути немusicalного в музыку и конкретной расшифровке музыкального как социального.

Необратимый процесс исторического и общественного развития заставляет взглянуть на музыку не только как на явление искусства, размывающее границы между различными культурами, историческими эпохами, областями знаний, расширяющее зоны соприкосновения между людьми, но и как основание социальной идентификации и самоидентификации личности на любом этапе её культурного развития.

Methods.

В современной социальной теории идентичности присутствует два подхода: социально-психологический и собственно социологический. Социально-психологический подход к теории идентичности развивал Э.Эриксон. Обретение идентичности он связывал с процессом социальной адаптации личности, разрешением юношеского кризиса, возникшего из-за смешения идентичностей в период приобщения молодого человека к системе общественной идеологии, а также с развитием и разработкой убедительной картины мира и нахождения в ней места для самого себя. «Главное в этом процессе обретения идентичности, – писал Э.Эриксон, – заключается в совпадении между персональными переживаниями и внешними обстоятельствами» [3]. По мнению Э.Эриксона, понятие идентичности «помимо личной тождественности, неизменности в пространстве подразумевает также целостность, преемственность личности во времени, следовательно, идентичность мыслится не только как персональная, но и как групповая» [4].

Представители символического интеракционизма (У.Джеймс, Д.Мид), рассматривали социальное взаимодействие как взаимодействие двух автономных систем – личности и общества, – приходя к выводу, что их изучение должно происходить на микроуровне, чтобы выявить закономерности частного и общественного. С одной стороны, общество определяет идентичность индивида, задавая нормы, законы существования; с другой стороны, индивид сам задает собственное определение в выборе целей и ценностей: «Избавляя мир от четко определяемых сообществ, мы создаем пространство для большей дифференциации, в котором индивиды способны к самоопределению» [5]. Центральным понятием микроуровня остается самость как синтез истории общества и биографии конкретной личности, «наивысшая мера развития самости – обретение способности к социальной активности и социальному взаимодействию» [6].

Literature Review.

Социологическая форма обсуждения теории идентичности заключается в понимании идентичности как личного источника значений и опыта. Харви Фергюсон, шотландский социолог из университета в Глазго в своей монографии «Самоидентичность и повседневность» трактует идентичность как относящуюся к тому, что реализуется, что мыслится реализующимся и как к чему-то, просто существующему [7]. Идентичность имеет широкий спектр разнообразных форм, имеющих внутренние противоречия или противоположности единственного и множественного, объективного и субъективного. Х.Фергюсон делает вывод о том, что «конструирование идентичности как источника значений и опыта включает следующие этапы: сходство; различие и эмпатия» [8]. Сходство, различие и эмпатия являются не только формами взаимодействия группового и личностного начал, но и современными формами обретения идентичности как отдельной личности, так и целых групп в различных социокультурных контекстах. Эмпатия или сопереживание является наиболее распространенным способом идентификации в современной повседневной жизни. В отличие от фундаментальных форм идентичности, таких как национальность, пол, идеологии и другие, «эмпатия представляет собой заимствование на относительно короткое время таких элементов как, например, стиль в одежде, предпочтение в каком-либо виде искусства, религиозное верование, язык, чтобы «примерить на себя» то одну, то другую идентичность,

существующую в современном обществе. Такие манипуляции не ограничены ни во времени, ни в пространстве и могут быть связаны с фактическим или фиктивным объектом» [9]. Эмпатия, по мнению Антони О'Гера, «может быть использована в качестве методологического принципа понимания истории, как своеобразный способ постижения ситуации других людей, существующих в другом социальном и культурном контексте» [10]. В качестве примера эмпатии можно привести музыкальную сказку Прокофьева «Петя и волк», в которой каждый персонаж наделён ярким музыкальным образом, и музыкальный спектакль с участием вымышленных героев, представляющий вымышленный мир вызывает чувство сопереживания, эмпатии, желания включить себя в происходящее действие у молодых зрителей, и дарит новые впечатления.

В процессе реализации обрётённой идентичности личность действует как социальный агент, принимающий во внимание действия других людей. Автором теории коммуникативного действия, способствующего социальной эволюции человека с развитыми когнитивными способностями, является Ю. Хабермас. Учитывая рациональность миропонимания современного человека, он трактовал его социальную эволюцию как развитие познавательных способностей. Эволюция «жизненного мира», по Ю. Хабермасу, приводит к тому, что со временем человеческий опыт, включающий познание и социальное взаимодействие, дифференцируется, и в нём постепенно выделяются три относительно независимые сферы: объективная, социальная и субъективная. Таким образом, каждое социальное действие должно обладать комплексным характером, учитывающим объективные факты, социальные нормы и личностный опыт.

Идентичность не существует вне механизмов социальных связей, она социальна по своей природе. Музыка как один из таких механизмов обладает социально-дифференцированным характером, поэтому может выступать особым идентификатором, в том числе в молодёжной среде. Определенные факторы процесса социализации, которые отвечают за приобретение индивидуальной музыкальной идентичности, объединяются в понятие «музыкальная социализация». В музыкальной социализации существует множество факторов. Музыкальная социализация – это «процесс возникновения и развития, связанных с музыкой признаков личности, в зависимости от социального и материального окружения, которые в той или иной степени связаны с музыкой» [11]. Например, на вкус и отношение к музыке молодого

поколения влияет музыкальная активность родителей; от их социального статуса зависит музыкальная активность молодежи и её знание о музыке. Формирование музыкального вкуса и музыкальной идентичности у молодёжи также происходит посредством внешних факторов (сверстников, одноклассников, сокурсников, друзей, СМИ). Важнейшим аспектом является связь музыкальной социализации и идентификации у молодёжи. Кроме родителей, ближайшего окружения и СМИ на музыкальную социализацию и идентификацию молодёжи влияют такие факторы, как социально-демографические и жизненные условия, опыт музыкальной социализации в школе, группе по интересам. Процесс музыкальной социализации и состояние личностного развития молодого человека определяют условия использования музыки в дальнейшей жизни [12]. Музыкальная социализация и состояние личностного развития у молодёжи взаимосвязаны и находятся под влиянием специфического общепринятого жизненного опыта. Об этом пишет Т. Мюнх в своём исследовании «Музыка, СМИ и развитие в подростковом возрасте» [13]. Он приводит следующую таблицу, в которой сопоставляет задачи личностного развития и форм музыкальной деятельности. В таблице, приведённой нами, подробно описаны задачи развития личности и соответствующие каждому из этих задач формы музыкальной деятельности. Мы считаем, что данная таблица достаточно наглядна и не нуждается в дополнительных разъяснениях и комментариях.

Таблица 1. Взаимосвязь между потребностью развития личности и музыкой.

	Задача развития личности	Функции музыки
1.	Установление дружеских отношений, социальной солидарности. Формирование навыков к единению.	Совместное увлечение музыкой интенсивным общением, например, членство в фанклубе или панк-группе.
2.	Начальное самоутверждение личности.	Развитие собственных музыкальных предпочтений в противоположность музыкальным предпочтениям, сформированным в родительском доме.

3.	Период профессиональной подготовки.	Общение с музыкой как профессиональная цель (музицирование, музыкальная публицистика, обучение музыке).
4.	Формирование политической ориентации.	Приобретение политических знаний из текстов песен и их интерпретация; политическое позиционирование с помощью музыки.
5.	Формирование способности ориентации в будущем взрослого человека.	Товарищество, основанное на связи с молодёжной музыкальной культурой и интерпретация её как образца для выполнения взрослой роли личности.
6.	Формирование идентификации на основе ориентации по отношению к определённому жизненному стилю.	Товарищество, основанное на связи с молодёжной субкультурой как возможный проект идентичности.
7.	Зрелость личности.	Поворот к «взрослой музыке» и к соответствующим музыкальным пристрастиям.
8.	Групповая интеграция.	Адаптация музыкальных предпочтений к определённому дружескому кругу, совместное музицирование.
9.	Физическая зрелость.	Экстенсивный телесный опыт посредством обращения к музыке, движение в танце.
10	Формирование сексуальной зрелости.	Первый опыт контакта со звёздами, модераторами; влюблённость в музыкальную интерпретацию, имеющую гендерный аспект.

Из таблицы, составленной немецким социологом, исследователем музыки Томасом Мюнхом, мы видим, что происходит развитие групповых и индивидуальных музыкальных предпочтений у молодого человека в социальном обращении с музыкой в противоположность музыкальным предпочтениям, сформированным в родительском доме. Таким образом, в результате анализа функций музыки, связанных с задачами развития личности, Томас Мюнх выделяет следующие ориентации молодёжи в социальном обращении с музыкой: родительские, группы ровесников, индивидуальные.

Обращает внимание на себя факт, что такие типы групповой идентичности как межпоколенные, социально-стратификационные, гендерные, конфессиональные, этнические влияют на музыкальную идентичность, обеспечивая взаимовлияние и взаимосвязь личностного и группового аспектов в определении музыкальной идентичности.

Conclusions

Обзор литературы по теме влияния музыки на личность молодого человека и анализ присутствующих в литературе мнений привел нас к следующему определению понятия социальной идентичности, основываясь на сходстве теорий Э. Эриксона и Г. Мида. «Музыкальная идентичность – это осознание человеком неповторимости своих музыкальных качеств». При этом в музыкальной идентичности выделяются три степени её проявления: интерес к музыке, музыкальный вкус (интерес или равнодушие к определенным музыкальным стилям); музыкальные навыки и знания о музыке (игра на музыкальных инструментах и пение, а также определенные теоретические знания о музыке); способы обращения с музыкой (особый подход, использование и понимание функционирования музыки)» [14].

Три степени восприятия человеком собственных музыкальных возможностей можно сравнить с «тремя столпами» преподавания музыки: слушать – знать – делать».

Литература:

1. Адорно Т. Избранное: Социология музыки. / Т. Адорно – М.; СПб.: Университетская книга, 1998. – 208 с.
2. Адорно Т. Избранное: Социология музыки. / Т. Адорно – М.; СПб.: Университетская книга, 1998. – С. 145.
3. Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис/Э. Эриксон. – М.: Издательская группа «Прогресс», 1996. – С. 17.

4. Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис/Э. Эриксон. – М.: Издательская группа «Прогресс», 1996. – С.18.
5. Mead G. H. Mind, Self and Society/ G. H. Mead. – Chicago, 1976. – P.167.
6. Цитировано по Полюшкевич О.А. Основы анализа гендерной специфики социальных представлений. – Иркутск: ИГУ, 2009. – С.33.
7. Баразгова Е. С. Американская социология (традиции и современность)/ Е. С. Баразгова. – Екатеринбург, 1997. – С.83.
8. Ferguson H. Self-identity and everyday life/ H. Ferguson. – Routledge, London and New York, 2009. – P.15.
9. O’Hear A. Verstehen and Humane Understanding/ A. O’Hear. –Cambridge: Cambridge University Press, 1996. –P.156.
10. Harnitz M. Musikalische Identitat Jugendlicher und Konflikte im Musikunterricht./R.Muller [et al.] //Wozu Jugendliche Musik und Medien gebrauchen. –Juventa Verlag Weinheim und Munchen, 2002. –P.185. (Перевод автора Г.М.Т.)
11. Harnitz M. Musikalische Identitat Jugendlicher und Konflikte im Musikunterricht./R.Muller [et al.] //Wozu Jendliche Musik und Medien gebrauchen. –Juventa Verlag Weinheim und Munchen, 2002. –P.185. (Перевод автора Г.М.Т.)
12. Bunke K. Musik,Median und Entwicklung im Fugendalter/R.Muller[et al.]//Wozu Jendliche Musik und Medien gebrauchen. – Juventa Verlag Weinheim und Munchen, 2002. (Перевод автора Г.М.Т.)
13. Muunch T. Musik, Median und Entwicklung im Fugendalter//R.Muller[et al.]// Wozu Jendliche Musik und Medien gebrauchen. – Juventa Verlag Weinheim und Munchen. 2002. –P.73-74. (Перевод автора Г.М.Т.)
14. Harnitz M. Musikalische Identitat Jugendlicher und Konflikte im Musikunterricht./R.Muller [et al.] //Wozu Jendliche Musik und Medien gebrauchen. –Juventa Verlag Weinheim und Munchen, 2002. – P.184. (Перевод автора Г.М.Т.)

MPHTI 18.41.09

Cemile KINACI¹

¹Gazi Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Çağdaş Türk Lehçeleri ve Edebiyatları Bölümü
Türkiye Cumhuriyeti, Afyon şehir

**KAZAKİSTAN VE ANADOLU'DAN YÜKSELEN İKİ SES:
SÜYİNBAI ARONULI VE ÂŞİK SEYRANİ**

Özet

Bu makalede Kazak edebiyatının tanınmış akını olan Süyinbay Aronuli ile Anadolu âşıklık geleneğinin hiciv ustası Âşık Seyranî karşılaştırılmıştır. Her iki ozanın yaratıcılıklarına değinilmiştir. Makalede biri Kazak yurdunda, biri Anadolu'da yaşamasına rağmen, çağdaş olan bu iki ozanın yaratıcılıklarının ve eserlerinin birbirine ne kadar çok benzediği sonucuna varılmıştır.

Джамия Кынаджи¹

¹Газу Университеті, Әдебиет факультеті, Заманауи түркі тілдері және әдебиеті кафедрасы, Түркия, Афьон қаласы

**ҚАЗАҚСТАН МЕН АНАДОЛЫ ҮНДЕРІ:
СҮЙІНБАЙ АРОНҰЛЫ МЕН АШЫҚ СЕЙРАНЫ**

Аннотация

Бұл мақалада қазақтың танымал ақыны Сүйінбай Аронұлы мен Анадолы сатира шебері Ашық Сейраны шығармашылығы салыстырылған. Аталған екі ақын да жаңашылдығымен танымал. Бірі Қазақстанда, бірі Анадолыда өмір сүргеніне қарамастан, бұл екі ақынның шығармаларында және олардағы жаңашылдығында көптеген ұқсастықтар байқауға болады.

Jamilya Kynaji¹

¹Gazi University, Faculty of Literature, Department
of Modern Turkic Languages and Literatures,
Republic of Turkey, Afyon city

**TWO SOUNDS FROM KAZAKHSTAN AND ANATOLIA:
SUYINBAY ARONULI AND ÂŞİK SEYRANİ**

Annotation

In this article, Suyinbay Aronuli, a well-known poet of Kazakh literature, was compared with the satirist of Anatolian minstrel tradition Âşık Seyranî. The creativity of both poets has been touched upon. Despite the fact that one of them lives in Kazakhstan and one lives in Anatolia, the creativity of these contemporary two poets and similarities in their works can be observed.

Süyınbay Aronulı, 1815 yılında, şu anki Almatı şehrının Jambıl bölgesinde, Karakıstak ırmağının doğusundaki Kulansaz yaylasında doğmuştur. Akın, 1898 yılında, 83 yaşında yine Kulansaz yaylasında

dünyaya gözlerini kapamıştır [1, 88]. Süyinbay Aronulı, Kazak halkının büyük, tanınmış bir akını ve atışma sanatının ustasıdır.

Реттеу	Басқарушыға арналған көркемдік процестегі баланста ұстауға және оның реттеуіштерді (нормалар, ережелер, мақсаттар, байланыстар) енгізу арқылы дамытуға бағытталған процесс.
Мотивация	Көркем қызметтің жағдайының субъектісін мотивтерді негізге ала отырып болжамды нәтижелері мен қалыптастыруымен олардың мінез-құлықтардың әр түрлі моделдерін таңдау және бағалауды түсіну.
Ынталандыру	Субъектінің көркемдік қызметінің іс-әрекеттерін ояту процесі, сыртқы қызметін жандандыру.
Бақылау	Әлеуметтік-мәдени жүйеге сәйкес қабылданған ережелер мен нормалардың жұмыс істеуі мен даму мақсатын қамтамасыз етуге бағытталған қадағалау мен мониторинг.
[2] [3] көздер негізінде автор құрастырған	

Осылайша, қазіргі арт-менеджмент мәдениет пен өнер мекемелерінің миссиясына сәйкес тактикалық және стратегиялық сипаттағы шаралар кешенін жасау және іске асыруды қамтамасыз ететін мәдени-әлеуметтік қызметтегі мақсаттар, қағидалар, функциялар мен технологиялар жүйесін көрсетеді.

Қорытынды

Жалпы мақалада қарастырылған мәселелер арт-менеджментті белгілі бір принциптерге және технологияға сай жүзеге асырылатын өз алдына жеке қызмет ретінде бөліп қарастыру қажеттігін анықтайды.

Арт-менеджменттің басты мәселесіне мәдениет және өнер саласындағы ұйымдарды басқаруда жалпы менеджмент қағидаларын қолданудың келесідей мәселелері жатады: маркетинг және тұтынушылармен өзара әрекет ету, нарыққа және ішкі ұйымдастырушылық процестерге бағытталу, қызметті жоспарлау және стратегия, персоналды басқару, инновациялық әлеуетті пайдалану және т.б. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері бойынша арт-менеджменттің мәдениет және өнер ұйымдарына әсерін анықтайтын мәселелер ретінде мыналарды қарастыру қажет:

- Стратегия ретінде жобалық басқаруды қолдану, өйткені көптеген мәдени өнімдер (кинофильмдер, фестивальдар, музыкалық топтар және т.б.) «жобалық сипатта» болады;

- Персоналды басқарудағы көшбасшылық және мотивация, көптеген мәдениет ұйымдарын ұжымды басқарудың ерекше типіне сай харизматикалық көшбасшылар басқарады;

- Материалдық емес активтерді қаржылық бағалау, мәдени өнімдерге тән заттай мазмұнының жоқтығы, субъективтілік активтердің есебін жүргізуде қиындықтар туғызады;

- Маркетинг және тұтынушының мінез-құлқы, яғни мәдени өнімдердің «сапалық емес» қасиеттерінің (бедел, сән) басымдығы және күшті әсері.

Мәдениет және өнер саласын басқарудың бөлінбес бөлшегі ретінде арт-менеджмент ғылымында қалыптасқан көзқарастарды жалпылай және жүйелей отырып, қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық проблемалар көркем мәдениет пен білім берудің мазмұнына әсер ете алмайтынын түсіну қажет. Сондықтан басқару қызметінің тұжырымдамасы мен стратегиясы тарихи-мәдени объектілерді және көркем өнер мұраларын, өнер туындыларының жинақтарын сақтау, пайдалану және насихаттаудың ғылыми-тәжірибелік және мәдени-ағартушылық бағдарламаларын іске асыру механизмдерін жасауға бағытталған болуы тиіс.

Әдебиеттер:

1. Платонов М.Ю. Арт-менеджмент: предмет и границы дисциплины // Известия Санкт-Петербургского государственного экономического университета. – 2015. – № 6 (96). – С. 61-68.

2. Костылев С.В. Арт-менеджмент как комплексная система управленческой деятельности в области культуры, искусства и образования // Современные проблемы науки и образования. – 2014. – № 1.

3. Копцева Н.П., Лозинская В.П. Музыкальное искусство в системе ценностей культуры: Монография. – Красноярск: Изд-во Сиб. федер. ун-та, 2009. – 115 с.

МРНТИ 03.20

А.М. Муханова¹

¹ҰҒПББСО «Бөбек» «Өзін-өзі тану» Адамның үйлесімді дамуы гуманитарлық колледжі (Алматы, Қазақстан)

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ АВТОНОМИЯНЫ САҚТАУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ

Аннотация

Мақала ХХ ғасырдың 20 жылдарындағы кеңес үкіметінің қалыптасуы мен нығайы барысындағы қазақ зиялыларының ұлт мүддесі үшін автономияны сақтап қалу мақсатындағы қызметтеріне арналған. Мұрағат құжаттары, мерзімді баспасөз материалдары мен ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, автор ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының идеялы-саяси көзқарасының қалыптасуына әсер еткен әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайды жан-жақты қарастыруға тырысады. Бұл кезеңде орын алған кеңес үкіметі мен оны құрудағы зиялылардың қызметі өлкеге келген Ф.И.Голощекиннің есімімен тікелей байланыстыра көрсетіледі. Сондай-ақ, жұмыс барысын межелеу, жергіліктендіру, астананың Қызылорда қаласында бой көтеруі тәрізді өзекті мәселелерді алға тартады.

Тірек сөздер: интеллигенция, интернационал, межелеу, жергіліктендіру, «ұлтшиылдық», «уклонист», автономия, қазақыландыру, өлкелік партия, «садуақасовиылдық».

А.М. Муханова¹

¹Гуманитарный колледж «Самопознание» гармоничного развития человека ННПООЦ «Бөбек» (Алматы, Казахстан)

БОРЬБА КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ ЗА СОХРАНЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ АВТОНОМИИ

Аннотация

В статье рассматривается борьба казахской интеллигенции за сохранение автономии в 20 годы ХХ века, при становлении и укреплении советского правительства. Основываясь на архивных материалах, периодическую печать и научные исследования, автор всесторонне рассматривает социально-экономическую и общественно-политическую обстановку начала ХХ века, повлиявшую на формирование идейно-политических взглядов деятеля. На этот период деятельность казахской интеллигенции непосредственно связано с именем Ф.И.Голощекина пришедший к руководству края. Также в ходе работы ставится актуальные вопросы как, коренизация, локализация, смена столицы в Кызылорду и т.д.

Ключевые слова: интеллигенция, интернациональный, межесвание, локализация, национализм, уклонист, автономия, казахизация, краевой партии, «садуакасовщина».

*A.M. Mukhanova*¹

*¹Humanitarian College «Self-knowledge» of harmonious human development
NNPPOTS «Bubek» (Almaty, Kazakhstan)*

STRUGGLE OF KAZAKH INTELLECTUALS FOR THE CONSERVATION OF NATIONAL AUTONOMY

Annotation

The article deals with the struggle of Kazakh intellectuals for the conservation of autonomy in the 20s of the 20th century, with the establishment and strengthening of the Soviet government.

Based on archival materials, periodic press and scientific research the author studies the socioeconomic and sociopolitical situation at the beginning of the 20th century that influenced on the formation ideological and political views of the figure. For this period activity of the Kazakh intelligents is connected with the name F.I. Goloschekin who came to the mastership of the province.

Also, in the course of the work, topical issues are posed as rooting, localization, the replacement the capital in Kyzylorda etc.

Keywords: *intelligentsia, international, land surveying, localization, nationalism, objector, autonomy, kazakhization, edge party, 'saduakasovshina'*

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында өмірге келіп, халық қамымен саяси өмірге араласқан ұлт интеллигенциялары өздерінің табанды қызметтері арқылы халықтың назарын өзіне аудара білді. Интеллигенция өкілдері топтық, интернационалдық мүдделерді ұлттық мүддеге қарсы қойған орталық билікпен және халық мүддесімен санаспаған жергілікті басшылықпен қарсы күресіп, ұлт мүддесін көздеуде өз ұстанымдарын берік қойып, сол бағыттан айнымады.

Өмірдегі барлық құбылыстардай саясаттың да өз түп төркіні, сабақтастық байланысы бар. Қазақ Өлкелік Комитетін 1925-1933 жылдары басқарған, іс жүзінде осы мезгілде Қазақстанның жеке дара әміршісіне айналған Ф.И. Голощекиннің ұстанған саяси бағытын дәл түсіну үшін оған тарихи тұрғыдан қарау орынды болар еді.

Қазақ зиялылары әркез ұлтының болашағы мен бостандығы аңсап келді. Сол үшін де үнемі күрес үстінде жүрді. Бұған дәлел ретінде сол уақыттағы мұрағат беттеріндегі мәліметтерден белгілі болып отырғаны Сұлтанбек Қожанов «Қырғыз – қазақ бірлігі һәм саясатшылдық» атты мақаласында: «1920 жылы Әулиеатада болып өткен қырғыз – қазақ кедейлерінің сиезі бірлі – жарым бірігу мәселелерін қарап өтіп, екі жақтағы қырғыз – қазақ халқының түпкілікті бірлесуін һәм бірігетінін ескеріп екі жақтың хукіметіне билеу һәм қырғыз – қазақ шаруасына тиісті шаруа істері бір жөнімен жүргізілсін; Түркістан қырғыз – қазақтары Қазақстанға қосылсын, бірақ жер реформасы жүргізілейін деп тұрғанда, алаң

болмас үшін қосылу уақыты ашылып айтылмасын һәм оны шешу Қазақстан кіндік атқару комитетінің жалпы жиналысының қаулысы бойынша қайтадан жарыққа шығып отыр [1] – деп, қазақтың басын қосу талабы мәселесі алға қойылды.

Осы мәселені шешу жолдарын қарастырған құжатта «Қырғыз халқының біртұтас ұлттық денесін бөлшектеген КССР мен ТССР арасындағы жасанды шекара тұтасқан ортақ экономика мен өндірістік қатынас тұрғысынан қарастырғанда да бір территорияны екіге бөлу мәдени және экономикалық дамуға қалыпты жағдай туғызуға мүмкіндік бермейді» - деп көрсетілген еді [2].

Шындығында да, Әулиеатада басталған бұл мәселені 1922 жылы ақпан айының аяғында ашылған Қазақстан Орталық атқару тәртібіне кіргізіп, екі облыстың Қазақстанға қосылуын кезекті мәселенің қажеттісі деп дәлелдеді. Мәселенің үлкен де, қиын шаруа екенін аңғарған Сұлтанбек Қожанов өзінің «Қырғыз – қазақ бірлігі» мақаласында бұл мәселені жан жақты пысықтай түседі. «Сөзді ұзаққа сілтеп, жұртты түгелімен қырғыз – қазақ екі облыс түпкілікті Қазақстанмен қосылуы керек пе, керек емес пе деп отырудың орны жоқ. Қырғыз – қазақ халқы бірігіп, бір республика болып, Русия федерациясына басқа ұлт мемлекеттері қатарында кіруі тиіс екеніне тұрмыс – тіршілігі жағынан да, тіл жағынан да, нарық жағынан да болса дәлел көп. Бұған ешкім дауласып, есеңгіреудің орны жоқ», - деген пікірінің шын мәніндегі мазалаған мәселесі: Қашан бірігу керек? Қайтіп бірігу керек? [2, 97].

Ұлт мәселесі қай кезде де шиеленісіп келген еді. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін де, жаңа қаулы – қарарлар, үндеулер шығып жатқанымен де, ескіден қалыптасқан империялық көзқарас өзгере қоймады. 1924-1925 жылдары Түркістан Кеңестік Республикасы өмір сүруін тоқтатты. АКСР құрамына Алматы, Талдықорған, Жамбыл, Шымкент, Қызылорда, Қарақалпақ автономиясы облыстары енгізіліп, Орынбор губерниясы Қазақстаннан бөлінді. Таңдалған қаланы мемлекеттің саяси, экономикалық, мәдени орталығына айналдырудың өте күрделі мәселе екендігін Қызылорданың 1925-1929 жж. тәжірибесі айқын көрсетеді. Қазақ автономиясының астанасы Орынбордан Қызылордаға 1925 жылы сәуірде Кеңестердің 5-ші съезінің шешімі бойынша ауыстырылды. Алайда бұл шешім бірден қабылданған жоқ.

Тарих беттерінен белгілі болып отырғандай, «1924 жылғы 10 наурыздағы 1 Кеңесте күн тәртібінде Түркістанның ұлттық – территориялық межеленуі тұрды. Түркі дүниесіне өзгеріс әкелген бұл жағдай да талас – тартыс пен қайшылықтарға толы болса да, Қазақстанға Жетісу мен Сырдария облыстары қаратылған еді. Түркістан КП Орталық Комитетінің хатшысы А.Рахымбаев елдегі

саяси жағдайға тоқталып, көп ұлтты халықтар арасындағы түсініспеушілік пен кереғар ұлттық қақтығыстар туғызып отырғанын айта келіп» Түркістан Республикасының беделін көтеру үшін, жоғарыдағы кемшіліктерден арылу керек. Ол үшін біз Орта Азия құрамында бір өкіметтік ұлттық республикалар құрамыз... Бір ғана жол – ұлттық белгілерге байланысты Орта Азияны межелеу керек», - деп атап көрсетті [3]. Бұл баяндама бойынша пікірталаста бірнеше көзқарастар орын алды. Оны Н.Айтақов, С.Асфендияров, Қ.Атабаев сияқты қайраткерлер қолдаса, Орта Азиялық экономикалық кеңестің төрағасы М.С.Паскуцкий мен С.Қожанов межелеу ісіне келіспеді. С.Қожановтың көзқарасы, ол экономикалық және саяси әкімшілік жағынан біртұтас Орта Азия Федерациясын құруды жақтады. «Түркі тайпалары бірыңғай тілдес халықты құрайды, оны жасанды түрде айыруға болмайды», - деді [3, 16]. Бұл Түркістан халықтарының орыс империялық саясатына қарсы тұру әдісі еді. 1924 жылы 17 тамыздағы Орта Азия республикаларын межелеу туралы ұлттық – территориялық комиссияның стенографиялық есебінде қазақ зиялыларының өз халқының болашағы ойландырып, жаңадан қаралатын социалистік республикалар құрамында өз елінің тағдыры не газетінде жарияланған «Орта Азияны ұлттық республикаларға межелеу жайлы әңгіме» атты мақаласында қазақ аудандарының Қазақ Республикасына қосылуы жайлы ұсынысты қолдай отырып, осы республикалардың экономикалық біртұтастығын қалады. Оның болжауы бойынша, бұл біртұтастық жамандыққа әкелмей, ұлттық – территориялық межеленудің мәнін түсірмей, қайта жаңа республикалар тарихында шешуші роль атқаруы мүмкіндігі туралы айтады.

Қазақстанда ұлттық мемлекетті жасау мәселесі әлі толық шешіле қоймағанын С.Қожанов ашық айтты. Өзінің Қазкрайкомдағы қызметінде астананың орталықтануына да өзінің үлесін мол қосқанын айтатын болсақ, С.Қожановтың: «Орталықтың Қызыл Ордадан көшуіне әрекет жасап, орталықтың жабдық алған соң тездету керектігі» жайлы сөйлегені оның еліміздің қазіргі кездегі орталығы оны сол кезде – ақ уайымы болғанын көрсетеді. Ол бірінші кезекте астананы Орынбордан қалың қазақтың ортасына, яғни орыстардың ішінен алып кету керек, қазақтар ортасына көшіру керек екендігін айтып отырды.

Орта Азияны ұлттық межелеу қарсаңында қырғыздармен шекарада тұрғындардың ұлттық құрамды былайша көрсетуге болады:

	Абсолютті	%
Қазақтар	1 903074	46,0
Татар	110648	3,7
Ұлы орыстар	1 485658	35,7
Украиндықтар	53129	12,8
Европалық ұлт өкілдері	1 072647	2,6
Барлығы	4 137 941	100%

Кестеден көріп отырғанымыздай қазақ халқының құрамы 46% - дан аз санды құрап отыр. Ұлттық межелеу барысында Қазақстан территориясына Сырдария және Жетісу губерниясы, Қарақалпақ автономиялық облысы енген болатын. Сонымен бірге ҚазАКСР – інен Орынбор губерниясы алынып, Ресейдің құрамына берілді. Осының нәтижесінде жергілікті халық, яғни қазақтармен өзге ұлт өкілдерінің сандық құрамы төмендегіше өзгерді.

Ұлт өкілдері	Сандық құрамы	Пайыздық құрамы
Қазақтар	2 929156	55,6
Өзбектер	186006	3,6
Қарақалпақтар	67697	1,3
Қара қырғыздар	41665	0,8
Тараншылар	58501	1,1
Татарлар	74261	1,4
Шығыс ұлт өкілдері	13647	0,2
Орыстар	1 331221	25,3
Украиндықтар	472469	9,0
Европалық ұлт өкілдері	90457	17
Барлық тұрғындар	5 256300	100%

Межелеудің нәтижесінен көріп отырғанымыздай, қазақ халқының құрамы 46,0 % - дан 55% - ке дейін өсіп отыр. ЦСУ – дың берген мәліметі бойынша, тұрғындардың 90 % жер шаруашылығы мен мал шаруашылығымен айналысатындарды құрады. Ал осы тұрғындардың 14,3% сауаттыларды, 85,7% сауатсыздарды құрады [4] Сауатсыздардың көпшілік бөлігі қарақалпақтар мен қазақтар болса, татарлар мен орыс ұлт өкілдері сауаттылық жағынан басымдық танытып отыр.

1926 жылдың 5 қазанында Орталық Комитеттің Саяси Бюросындағы жиын барысында Қазақ АКСР – інен бөлініп алған жерлерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы мәселелер

қаралды. Ол бойынша Қостанай, Ақтөбе, Орал губернияларының кей болыстары көршілес жатқан қазіргі Орынбор губерниясын аймақтандыру мақсатында, Қазақ АКСР – ның солтүстігі мен орталық территорияларындағы ұлттық ерекшелік мәселелері ескерілмей бөлініп алынған еді [5]. Мұрағат құжаттарына сүйенетін болсақ, Қазақ АКСР өзінің солтүстіктегі территорияларынсыз өміс сүруі қиын мәселе. Сондықтан да РКФСР алдымен солтүстік шекараларды Орынбор губерниясына жақындатып алып, ал кейіннен түгелдей солтүстік губернияларды қаратуды мақсат еткен болатын. Төмендегі мына бір мәліметтерге зер салсақ:

1. Елек уезінің Орынбор губерниясына көшуі Орал губерниясындағы Орал қазақтарының көрінуіне, кейін біртіндеп түгелдей губернияның құлауына әкелу мәселесі тұрды;

2. Қостанай және Ақтөбе губернияларының Орынбор губерниясына берілу, бұл аймақтағы құнарлы жерлерден айырылған территориялық бірліктердің өмір сүруіне қиындық етуі ескерілді.

Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып Ф.Голощекиннің тағайындалуы кездейсоқ болмады. Ол өзіне бірін – бірі жоққа шығаратын екі принципті: халықтардың жеке бөліну және орталықтандырылған мемлекет идиясын ұстана отырып, ұлттық мәселені сталиндік тұрғыдан түсінудің жоғарғы үлгісін байқатты. Құрылып жатқан біртұтас мемлекеттіліктің барлық талаптарына сай Қазақстанның бірінші басшысының алдына республика орталықтың тілегін жедел мүлтіксіз орындауға бейім мемлекеттік аппараты құру міндеті қойылды [2, 98].

Ф.Голощекин бастаған топтың осындай мақсатқа жету жолына ұлттық зиялылар, соның ішінде партияда жоқ және оған іштей қарсы бөлігі кесе көлденең тұрып, қарсылығын астыртын байқатуға тырысты. И.Сталин қазақ зиялыларымен жиі кездесіп, олардың ұлттық мемлекетті құру талаптарын ұғынған соң кейбір қазақ қайраткерлердің іс – әрекеттерінен «буржуазиялық» зиялылардың жікшілдігін байқады. Сол себептен де, Сталин осы «буржуазиялық зиялылардың» қазақ қоғамының дамуына ықпал етуге тиіс емес деп ұйғарып Голощекинге оларға қарсы күрес жүргізетін міндет жүктеді. Ол партияның басшылығымен Кеңестердің билігін түпкілікті орнықтыру, сөйтіп қазақ бұқарасын алашордалық зиялылар дейтіндердің ықпалынан аулақтату, осы мақсатқа «күш – жігерді аямай, құрбандықтардың алдына тоқтамай» жету үшін екіжүзділікпен жала жабу тәсілін қолданып, қазақ зиялыларын жаппай жазалау науқанын бастап кетті [2, 98].

1928 жылы қыркүйекте Қызылордаға келгенде Голощекин өзінің Қазақ өлкелік партия комитетінің басшысы болып тағайындалғанына қарсы топ бар, ол сол кездегі республика партия ұйымының екінші хатшысы Сұлтанбек Қожанов басқарады және оған «Еңбекші қазақтың» бас редакторы С.Сәдуақасов пен КазЦИК-тің төрағасы Ж.Мыңбаев кіреді деген әңгімені таратады. Ал негізінде ұлттық зиялылардың ішінде жақтырмағандар болғанымен, ешқандай да Голощекинге қарсы топ болған жоқ. Мұндай әңгіменің таралуы Голощекинге ең алдымен, республика басшылығындағы аса ықпалды және қабілетті қайраткерлерді қудалау үшін қажет болды. Осының салдарынан 1921 – 1923 жылдары Түркістандағы жер – су реформасы кезінде кеңінен танылған Сұлтанбек Қожановқа қарсы жала жабу тәсілі қолданғаны айқын болды.

Голощекиннің осындай құйтырқы саясатына қазақ арасынан шыққан С.Сәдуақасов, Ж. Мыңбаев сияқты зиялылар қарсы шығып қазақыландыру ісінің дұрыс жүргізілуіне күш салған болатын. Олар бұл іске қалай, қай бағытта жүргізілу керектігіне үлкен мән бере отырып мемлекеттік шенеуніктердің құрамы мен сапасын жақсарту мақсатында ауқымды шаралар жүргізуіне тура келген.

1925 жылдан бастап республикадағы барлық басқару орындарын қазақтандыру ісіне жетекшілік еткен Жалау Мыңбаев болды. Ол Голощекиннің қазақтандыру саясатын бұрмалап таптық арнадағы кеңестендіру шараларына қосып жіберуіне келісе қоймай, жергіліктендіру саясатына үлкен мән беруге тырысты. Ол: «Кеңестендіру аумағындағы ерекше орынды жергіліктендіру мәселесі алады. Ауылды кеңестендіру – қазақ ұлтының өзін-өзі айқындауындағы шешуші мәселе – тек қана ауыл тілінде (қазақ) және бұл салада жетістіктерге жеткен ауылдан шыққан адамдар арқылы сәтті жүргізе алады» [6] деген болатын.

1926 жылы 22 қыркүйекте болған өлкелік Партия Комитеті бюросының мәжілісінде Ж. Мыңбаевтың мемлекеттік аппаратты жергіліктендіру туралы ұсынысы қабылданды. Онда жоғарғы және төменгі қызметтерді мемлекет басшыларын қазақыландырып, жергілікті ұлттардың ерекшелігін, тілін білетін басшыларды қатарға тартуға шақырды. Осы маңызды құжатқа Ж. Мыңбаевтың табанды талап етуінің арқасында қаулы қабылданып, оған Голощекин амалсыз қол қойған. Мәскеуде болып өткен БОАК және КСРО Атқару Комитетінің ұлттық мүшелерінің мәжілісінде Қазақстан өкілдері Ж.Мыңбаев, С.Қожанов, С.Асфендияров елде болып жатқан жағдайды баяндап: «Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан алға басуы баяу, экономикалық тоқырау үстінде Партия ұйымы басшыларында қазақтардың саны

4%-ды ғана құрайтыны жасырын емес» [7]. Халық комиссариаты кеңесінің төрағасы Н.Нұрмақов оларға қарсылық білдірді. Көріп отырғанымыздай, бұл жылдары қалыптасып келе жатқан әкімшіл-әміршіл жүйе деспоттық басқыншылармен қатар демократияны тұншықтырып, өтірік ақпарат, көзбаяушылық жұмысқа негізделіп келе жатты. Тоталитарлық жүйе сөз бостандығын, шындықты айтушыларды тұншықтыруға тырысты. О. Исаев: «Мыңбаев Қазақстанда Сот істері орыс тілінде жүреді деп қиналады, ал мен Сот істерінің қазақ тілінде жүргізілетіні туралы арнайы жоғары Соттан анықтама алдым десе, Голощекин берген мәлімет: «6 жыл ішінде ұлттық республика болып құрылды, территория көлемі 2 267 614 км², халық саны 5 064 803 адам, оның 55,6% қазақтар, 36% еуропалықтар, 13,4% шығыс халықтары» - дейді. Мемлекеттік аппаратты жергіліктендіру жөнінде мынадай фактілерді алға тартады: «Қазақ автономиялы ОАК президиумында қазақтың саны – 12, орыс – 2, қарақалпақ – 1, өзбек - 1» [6, 25]. Кімдікі дұрыс? Ж. Мыңбаев фактілерді растай отырып, бұған дейін орыстардың саны басым болғанын айтады. Фактілер дәл болғанымен саясат басқаша, 20 ж. бастап іс қағаздарын ұлттық тілде жүргізуді міндеттеген Заңдар қабылданса да, ол сөз жүзінде, қағаз түрінде қалып қойды.

Бюро мүшелігіне кандидат Оқу Ағарту Халкомы С. Сәдуақасовтың ұстанған позициясы: «Қазақтарды практикант ретінде қоюды ойластырып, олар белгілі бір тәжірибе жинақтаған соң орыс жұмысшыларын қазақтармен ауыстыру керек» [8]. Мұнда ол жергіліктендірудің мәнін басшы қызметкер сияқты қазақтармен таза механикалық алмастыру деп қараған жоқ. Мыңбаев пен Сәдуақасовтың идеяларына байланысты Голощекин Қазақстанда «Функционалдық жергіліктендіру» жүргізу жөніндегі мәселені биліктің жетекші органдарын халықпен жақындастыру, жергіліктендіру саясатының басты мақсаты бәрінен бұрын билік органдарына қызмет ететін техникалық персоналдарды (бухгалтер, іс-жүргізуші, хатшы т.б.) жергілікті ұлт өкілдерінен құру болды. Мұндай жергіліктендірудің функционалдық бағытын ол: «Дәл осы қызметшілер қызметі жағынан халық өкілдерімен көбірек қатынаста болуы керек болады» деп түсіндіреді [8, 163]. Ж.Мыңбаев «Шаруашылық ауылы жөнінде мәселе - болашақтың ісі» дей келе, алдымен қазақ ауылы үшін бүгінгі күні ең өзекті екі мәселені шешіп алу керек дейді: 1) көшпелі елді жерге отырықшыландыру 2) сауатсыздықты жою. Ауылдық және болыстық кеңестерге сайланғандардың әріп танымайтындығын көрсетіп (мысалға Жымпиты мен Адай уездеріндегі жағдайды келтіреді), «Жер-жердегілер орталықтан жіберілген нұсқауларды

оқып, пайдалана алмаса, олардан не күтуге болады біз төменгі кеңес аппаратының ең болмағанда үштен бір бөлігін сауатты етіп барып, ауылға ықпал етуді ойлауымыз керек. Бұл ең бірінші кезекте істелінетін шаруа, мұны істемей хозауылды әңгіме етудің өзі ерте» дейді. Кеңес орындарының төменгі буынының жұмысының керекті нәтиже бермеуінің негізгі себептері де осыларға байланысты деп атап көрсетті [9].

Ж. Мыңбаев 1925 ж. 6 қазанда ҚазОАК-нің II сессиясында жасаған «Қазақ АКСР-нің 5 жылдығы» атты баяндамасында 1920-1925 жылдардың басты қорытындысы – қазақ жерлерінің біртұтас болып бірігуінің аяқталуы деп атап көрсетіп, ендігі уақыттағы мақсат – қазақтың елдігін шын мәнінде орнықтырып, осы жолда қандай болмасын қиыншылықтарды жеңуге бел шешіп кірісу қажеттігі туралы өзінің тұжырымдамаларын ортаға салды. Ж.Мыңбаевтың ойынша, бірінші кезекте атқарылатын істер – қазақтың автономиялық мемлекетін баянды ету, ал ол үшін алдымен жергілікті жерлерде де, республика астанасында да әлі де айқын сезілетін отаршылдықтың іздерін жоюмен байланысты шараларды жүзеге асыру керек болды.

Ф. Голощекин мен БК(б)П Қазақ өлкекомы Ж. Мыңбаевты және Қазақ ОАК-ін өздеріне бағынышты етуде барлық шараны қолданды. Мәселен, 1925 ж. 30 қарашада ҚазОАК-нің төралқасы Ташкентте орналасқан Қазақстанның Орта Азиядағы өкілдігінің басшысы Т. Жүргеновтың баяндамасын тыңдады. Талқылау үстінде Жалау Мыңбаев өкілдіктің тек қана БК(б)П Қазақ Өлкекомы мен Қазақ АКСР-і Халком Кеңесімен бір рет те хат жазбай, оны басшы орган ретінде мүлде елемей келгендігін айтқан еді: «КазЦИК до сих пор не знал о существовании представительства в Ташкенте... Почему не информируется КазЦИК?» Дәл осы күні (30 қараша) БК(б)П Қазақ өлкекомының бюросы Т. Жүргеновтың баяндамасын қайта тыңдап, Голощекиннің өзі басқарған жұмысты мақұлдайды да, өкілдік бұрынғы тәртіппен Қазақ Өлкелік комитетіне ғана есеп беріп тұрса болды деген шешім шығарды. Бір айта кететіні, Ж. Мыңбаевтың айтқанындай, Қазақстанның Мәскеудегі өкілдігі Қазақ ОАК-не жүйелі есеп беріп келсе, Ташкенттегі өкілдік Қазақ Өлкелік комитетінің нұсқауымен өзінің қызметі туралы Қазақ ОАК-не хабарландыруды артық деп санап келген. Дәл, осындай, БК(б)П Қазөлкеком тарапынан Қазақ ОАК-нің басшылығын шектеу әрекеттері басқа мәселелерде де көрініс тапты.

Ж. Мыңбаевтың ОАК-індегі өзінің атқарған қызметіне қалай қарағанын оның кеңес құрылысының негізгі принциптерін төмендегідей қорытуынан көруге болады:

1. Кеңестер пролетар табы билігінің органы болып табылады;

2. Кеңестер социалистік орган болып табылады;
3. Кеңестер бір ұлттың екінші ұлтты қанауын жояды;
4. Кеңестер жұмысшылар мен шаруа еңбекшілерінің одағын қамтамасыз етеді [9, 23].

Ж. Мыңбаев мемлекеттік заңдарды жұрттың барлығының қалтқысыз орындауына қол жеткізуге тырысты. Ол заңдарды орындамайтындарға, тәртіпті бағынбайтындарға қатаң жаза беруді жақтады. Кеңес билігінің аппараттық орындарына кіріп кеткен түрлі алаяқтармен, паракор, қылмыскер, маскүнем, бюрократтармен аяусыз күрес жүргізуге шақырды. Мысал келтіріп кететін болсақ, Қазақ ОАК Кеңестік Қазақстанның 5-жылдығына орай кең көлемде кешірім жариялады (1925 ж. 4 қазан). Ж. Мыңбаевтың қолы қойылған осы құжат бойынша жаңсақтық жасап, қателікке ұрынған мыңдаған адамдар қамаудан босап шықты. Кешірімнің күші 30-шы жылдарға дейін сақталды.

1926 жылғы 2 қыркүйектегі Бүкілкеңестік Қазақ Өлкелік комитетіндегі қазақыландыру жұмысына байланысты баяндамада тыңдалды. Ол бойынша Ж.Мыңбаев Президиумда төмендегілерді алға тартты:

- Қазақ тіліне аударылуы тиіс кітаптар мен оқу құралдардарының тізімі жасалынды, алайда оған бөлінетін қаржы мәселесі шешімін таппады.

- 20 – тамызға дейін белгіленген қазақ тілінде жазатын баспа құралдарының қатары әлі де болса, есепке алынбады [10].

1926 жылғы Қазақ Өлкелік комитетінің 2 – ші пленумының кешкі жиылысында Голощекин жолдас қазақыландыру мәселесін қозғады. Голощекин: «... қазақыландыру мәселесінің олқы тұстары айтылып келеді, өзгертілуде, алайда менің ойымша қалыптасқан бұл жүйені түбірлі өзгерту қажет тәрізді. Қазақыландыруды теміржолға қатысты алға жылжытқан дұрыс. Себебі теміржол жұмысына қазақ жұмысшыларын тартып, қазақыландыру (жергіліктендіру) үрдісін алға бастауымызға болады» [11]. Бұл айтылғандарға қоса, Голощекин жолдас «қазақ ауылы әлі де болса, Қазан төңкерісінің иісін сезбеді» - дейді [12]. Бұдан келіп шығатын қорытынды Ф.И.Голощекин қазақыландыру үрдісін сылтау етіп, қазақ ауылында Кіші Қазан төңкерісін жүргізіп өтуді мақсат еткендігі көрініп–ақ тұр. Ал, Т.Рысқұлов С.Сәдуақсовтың пікірмен келіспей, оның мәселені асыра сілтеп тұрғандығын және Кіші Қазанды ол Ұлы Қазан деп түсініп отырғандығын алға тартты. Сөзінің соңында Т.Рысқұлов партияның ұлттық құрылысында кеңестік шығыста және шет елдік шығыста болсын, өзіндік тәжірибесі бар [13] екендігін білдірді.

Осы пленумда сөз алған С.Сәдуақасов: «Соңғы жылдары біз өндіріс орындарына көп назар аударып жүрміз. Менің айтқым келетіні өндіріс бізде жұмысшы күштерімен тығыз байланысты. Өндіріс болса, қазақ пролетариаты да болады. Қазір елде бар жұмысшыларға айтарым, өзіміздің өндірісімізді қалыптастырып, нығайтуда сіздер басты орындасыздар! ... Біз Өлкелік Комитетте біздің аппаратты қазақыландыру мәселесі жөнінде хат дайындаудамыз. Бұл мәселеде жұмысшыларды қазақыландыру бірінші орында тұр» [14]. Осы жылдың қараша айында өткен Қазақ Өлкелік Бюро комитетінің жабық жиылысында С.Сәдуақасов мектептер жүйесі, жергілікті халық арасынан қажетті жұмысшы кадрлар дайындайтын курстар ұйымдастыру, европалық жұмысшылар арасында қазақ тілін ендіру [15] мәселелерін бірінші кезектегі атқарылатын жұмыстар қатарына жатқызды. Бұл облыстардағы жұмыстар әлі толық шешілмеген еді, себебі мұның барлығы өлкелік бюджеттің есебінен шешілуі қажет еді. Ж.Мыңбаев осы жиында: «Қазақыландыруды қалай жүргізуге болады? Егерде басшылықта жергілікті халықтың тілін білмейтіндер отырса?» [16]. Осы пленумның стеннограмасында өлкедегі ұлттық сананың өсуі, партияда орын алғандығы айтылады. ҚазАКСР – ның дамуы жоғары қарқын алуда, алайда жастар арасындағы тоқырау бар. Ал бұл өз кезеінде қалыптасқан уклондарға күш береді [17].

Ақыр аяғында жергіліктендіру саясатының Голощекинше жеңіске жетуінің нәтижесінде, шынайы ұлт мүддесі үшін күрескен қазақ зиялыларының ой-пікірлері іске аспай, олар қатты қысымға алынып, қудалауға түсті. Сондықтан да бұл науқан қазақ ұлты үшін ешбір пайда бере алмай, біртіндеп «интернационалдандыру» науқанының астында жағдай түзелмей, одан әрі сорақылана түсті, билік орындарында еуропалықтар басым болып, іс-қағазды орысша жүргізу күшейді, орыс тілі бірден-бір ресми тілге айналды, қазақтың кең бұқарасымен байланыс күшейіп бекінбеді.

Голощекиннің Қазақ Республикасының қызметіндегі саясаты ұлттық істерден өзге, аумақтық мәселелерде анық көрініс тапқан еді. 1925 жылы ВЦИГ төрағасы Қазақ Орталық Атқару Комитетінің келісімсіз Ақтөбе губерниясының Елек ауданына РСФСР – дың Орынбор губерниясының құрамына беру туралы шешім қабылдады. Бұл мәселені Қазақ өлкелік партия ұйымы комитеті бюросының мәжілісінде талқылау қызу пікірталас туғызды. ВЦИГ шешімін ҚАССР ХКК төрағасы Н.Нұрмақов, ҚазЦИГ төрағасы Ж.Мыңбаев, Қазақ өлкелік партия комитеті бюросының мүшесі С.Қожанов және басқалар өткір сынға алды. Н.Нұрмақов бұл шешімнің Қазақ Республикасын оның ұлттық құрамын ескере отырып, жоюмен пара

– пар екендігін, қоныстандырудың қазіргі мынадай қарқынымен европалық халық үлесінің 70 пайызға жететін күннің де алыс еместігін атап өтті [2, 103].

1927 жылы қазан айында С. Сәдуақасов өзінің «О национальностях и националах» атты мақаласын ХҮ партия съезінің алдында «Правда» газетіне жариялауға жібереді. Алайда газет редакциясы уақтылы мақаланы шығармай, мақаланы «Большевик» журналына аударып, ол 1928 жылдың қаңтар айындағы санында жарық көрді. Сәдуақасовтың қарсыластары осыны пайдаланып, оған өткен партия съезінің шешімдеріне қарсы шығып отыр деген айыптар тақты. Сәдуақасов «Правда Востока» газетінде түсініктеме берседе, басшылық оның арыздарын қабылдамады. Ы. Құрамысов, О. Исаев және т.б. Сәдуақасовқа қарсы шықты. «Сәдуақасовшылдыққа» қарсы күрес ұйымдастырылып, «сәдуақасовшылдықтың» идеясын құрту мақсаты алға қойылды.

Шынына келетін болсақ, С.Сәдуақасовтың «О национальностях и националах» атты мақаласында Қазақстанның ұлттық мәселесі баса назарға алынды. С.Сәдуақасов қазақ жерінде ұлт істері мәселесінде үлкен қиындықтар бар екендігін ашына айтып, оны реттеуге мәселе қойды. [18]. С.Сәдуақасов өлкеде индустриаландыруды тек орталықта ғана емес, шет өлкелерде де жүргізу керек екендігін айтып өтті.

С.Сәдуақасов, О. Жандосов және 20 жылдардағы көптеген қайраткерлер Қазақстанның Орталықтан дербес көпсалалы экономикасын құру идеясын жақтады. Голощекин қазақ ұлт қайраткерлерін ұлтшыл – уклонизм деп айыптады.

1928 жылы 27 тамыздағы «Бай шаруаларды тәркілеу» туралы Қазақ АКСР-нің ОАК мен ХКК декретіне кеңестік партия қызметкерлерінің арасынан Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов, С.Қожанов, С.Сейфуллин, Н.Нұрмақов және т.б. заңсыз әрекеттеріне қарсы шықты.

III облыстық партия конференциясының 14 делегаты құрамында С.Сәдуақасов, С. Мендешев, С. Сейфуллин, Н. Нұрмақов және т.б. ЦК РКП(б) хат жолдады. Хатта: «С первого момента открытия III Всекиргизской партийной конференции наблюдается определенное течение, направленное к обвинению киргизских коммунистов в национализме. Это течение является ошибочным и не на чем реальном необоснованным и как результат неправильных толкований о проводимой киргизскими работниками – коммунистами политики в области внедрения коммунистических идея среди киргизских рабочих и бедноты, и из другой стороны,

вследствие колонизаторских выходов русских товарищей, старающихся посредством доносов, доставляемых карьеристами и неточного перевода киргизской печати очернить киргизских коммунистов перед партией, а, следовательно, перед категорически протестуют против предъявленных им обвинений в национализме»

1929 жылы Нығмет Нұрмақов әлеуметтік – экономикалық мәселерде Голощекинмен арасы шиеленіскен себептен Мәскеуге кетуге мәжбүр болды. Н.Нұрмақов 4 жыл 4 ай Қазақстанның Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы қызметін атқарып, байларды тәркілеу туралы декретке қол қоюға мәжбүр болса да, ашық түрде аталған декреттің төңірегінде орын алған заңсыздықтар мен асыра сілтеулерге қарсылығын білдірді [18].

Осындай іс шаралардың нәтижесінде қазақ халқының азаюына алып келді. Көпшілік қазақ жерінен жер аударуға мәжбүр болды. 1926-1939 жылдары Қазақстанмен көршілес жатқан республикаларда қазақ халқының саны 2,5 есе өсіп, жалпы саны 734 мың адамға жетті. Шамамен 200 мың адам Қытай, Моңғолия, Иран және Түркия асып кетті

Қазақ халқының жаппай қоныс аударуының басты себебі ауылдағы кеңес үкіметінің жүргізген саясаты еді. Иран, Ауғанстан жеріне кеткен қазақтар көп қиындықтарды бастан өткізді. Қоныс аударушылардың көпшілігі жолда көптеген қиындықтарға душар болды. Соның бірі 1932 жылы қазақ – адайлардың жолдан адасып, судың жетіспеушілігінен қайтыс болды. Бұл үлкен қайғыны жергілікті халық есінде «тақыр қырғыны» деп атап кетті.

Көрші елдерге қоныс аударған қазақ халқының Қытайға көшуге шақырғандығы туралы бірнеше құжаттары сақталған. Солардың бірі:

«... В СССР коммунисты не дают возможности жить. ... Отбирают все до основания, затем сажают в тюрьмы и морят голодом до смерти. В Семипалатинске все тюрьмы и большие здания переполнены арестованными, коммунистов, которые высказываются против беззаконий, немедленно схватывают, обвиняют в правом уклоне и расстреливают» (Сводка 50 – го Погранотряда) [19].

«... Неужели Советская власть так и осталось навсегда ..., так жить невозможно ... Это разве жизнь? Каждый час ждешь, что вот придут и отнимут скот»; «Жизнь стала невозможно трудной. Советская власть нас всех баев начала грабить, надо переходить за границу в Китай» (мулла Мусекенов Тажи) [19, 210].

«Хлебозаготовки, конфискация – грабительство народа... Очень жалею, что раньше не могли узнать о проведении таких кампаний Советской властью, а то мы сумели бы заранее продать

свой скот и в Китай, ибо сейчас жить стало невозможно... Нас грабит и притесняет Советская власть»; «Советская власть хочет окончательно разорить население... Хлебозаготовки, самообложение, заем и прочие кампании не дают никакого жителя... Откочевка за границу является единственным спасением от Советской власти» (зажиточный Муханов); [19,17-18].

Миллиондаған еңбекшілер қауымы осындай жүргізілген элеуметтік «жаңашылдықтарға» дайын болмады. Отырықшылық, күштеп ұжымдастыру, бай кулактарды тәркілеу, ауыл шаруашылығындағы мемлекеттік саясаттың бәрі өлкеде халықтың ашығуына және кеңес үкіметіне қарсылыққа алып келді.

Жоғарыда аталған мәселелер қазақ интеллигенциясының басшыларын аландатты. Осы кезде қарсы шығушы қазақ интеллигенциясын арасынан 1932 жылы шілде айындағы Ғ.Мүсірепов, М.Ғатаулин, М.Даулетқалиев, Е.Алтынбеков, К.Қуанышевтардың «Бесеудің хаты», 1932 ж. тамыз айындағы ҚазАКСР ХКК төрағасы О.Исаевтың хаты, 1932-1933 жж. РКФСР ХКК төрағасының орынбасары Т.Рысқұловтың хаты республикада ұжымдастыру барысында орын алған оқиғаларды толық бейнелеп берді. Жазылған хаттар қазақ интеллигенциясының әміршіл-әкімшіл режимге қарсылығын көрсетеді.

Т. Рысқұлов Сталинге жолдаған хатында Қазақстанда ұжымдастыру барысында орын алған ауыр халді нақты цифрлармен көрсетеді. Осыған байланысты Т. Рысқұлов өлкедегі жағдайды жақсарту үшін бірнеше ұсыныстар берді: колхозшыларға малдарының жартысын қайыру, 25% немес 30% - дық мөлшремен маларын өздерінде қалдыру, көшпелі және жартылай көшпелі аймақтарда колхоздарды мүлдем тарату, жұмысқа жарамдыларын жұмыспен қамту, азық – түлік жағынан көмек беру және мал шаруашылығының дамуына көмек көрсету [20].

Т.Рысқұловтың басшылығымен РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі арнайы комиссиясының ұйымдастыруымен қоныс аударғандарды орналастыру жұмысы басталады. 1933 жылы Т. Рысқұлов Қырғыз және Башқұрт басшыларына жолданған телеграммаларда өлкеде орын алып жатқан тәртіпсіздіктерді қалпына келтіруді және қоныс аударған қазақтарды жұмыстан босатпау, тамақпен қамту орындарын шұғыл түрде ретке келтіруді талап етті [20, 346-347].

Біз қарастырған бөлімімізде ұлт қайраткерлерінің қазақ жерлерін межеллеу, жергіліктендіру (қазақыландыру) және тағы басқа ұлт мүддесі жолында атқарған істері «ұлтшылдық» тұрғысында бағаланып қарастырылды. Ұлтының бірлігі мен

дербестігі жолында күрескен қазақ зиялыларына сол кезеңде осы істері үшін «ұлтшыл», «ауытқушыл уклонист», «топшыл» деген айыптар тағылған еді. Алайда кеңес үкіметінің жапқан мұндай жалалары мен танымдары негізсіз болды. Бар болғаны қарастырып отырған кезеңдегі тоталитарлық режимге қызмет атқарып, жұмыс жоспарларында елінің бірлігі мен амандығын өздерінің ұстанымы етіп алды. Сонымен бірге автономияны сақтап қалу жолында большевиктік тәртіптің құрбанына айналды. Саяси қайраткерлер өздерінің өмірін, халқының ұлттық мақсат – көздейтін, саяси – экономикалық және рухани тәуелсіз ұлттық мемлекет құру жолына бағыттады.

Әдебиеттер:

1. Махат Д. Қазақ зиялыларының қасіреті. -Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. – 304 б.
2. Хасанаева Л.М. Қазақстанда ұлттық мемлекеттілік идеясын жүзеге асыру шаралары (XX ғ. алғашқы ширегі) оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 122 б.
3. Ж.Уәлиханова Сұлтанбек Қожановтың мәдени-ағартушылық және мемлекеттік-саяси қызметі: тарих ғыл.канд. ...автореф. 07.00.02. – А., 2002. – 24 б.
4. ҚР ПМ 141-қ., 1-т., 968-іс, 24-п.
5. ҚР ПМ 141-қ., 1-т., 506-іс, 1-п.
6. Серікбев С. XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы Қазақстанның әлеуметтік-саяси өміріндегі Жалау Мыңбаевтың мемлекет қайраткері ретіндегі тарихи орны, тарих ғыл.канд. ...автореф. 07.00.02. – Алматы, 2000. – 31 б.
7. Т.Омарбеков Голощекиннің төңірегі: ол туралы не білеміз? // Ақиқат, - 1995, №9 26 б.
8. Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Т.2. – Алматы: Алаш, 2003. - 213 б.
9. Рысқалиев.Ф. Ж.Мыңбаевтың өмірі мен қоғамдық саяси қызметі, тарих ғыл.канд. ...автореф. 07.00.02. – Алматы, 2000. – 29 б.
10. ҚР ПМ 141-қ., 1-т., 968-іс, 5-п.
11. ҚР ПМ 141-қ., 1-т., 483-іс, 83-п.
12. ҚР ПМ 141-қ., 1-т., 483-іс, 87-п.
13. ҚР ПМ 141-қ., 1-т., 483-іс, 140-п.
14. ҚР ПМ 141-қ., 1-т., 483-іс, 94-п.
15. ҚР ПМ 141-қ., 1-т., 490-іс, 389-п.
16. ҚР ПМ 141-қ., 1-т., 490-іс, 391-п.
17. ҚР ПМ 141-қ., 1-т., 490-іс, 48-п.
18. Садвокасов С. О национальностях и националах // Садвокасов С. Избранное. – Алматы: СП Атхан, Рауан, 1994. – 190 б.
19. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (ХҮІІІ-ХХ-ғғ.) – Алматы: Жалын, 2004. – 400 б.
20. Рыскулов Т. Собрание сочинений в трех томах. Том 3. – Алматы Қазақстан, 1998. – 444 с.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ:

1. **Гатауов Таир Талгатович** – Қазақ ұлттық хореография академиясының магистранты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының жетекші балет солисі;

2. **Недлина Валерия Ефимовна** – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының аға оқытушысы, өнертану ғылымдарының магистрі, музыкатанушы;

3. **Макумова Анель** - Қазақ ұлттық хореография академиясының студенті;

Ізім Тойған Оспанқызы - ғылыми жетекші, ҚазССР еңбек сіңірген артисі, өнертану кандидаты, Қазақ ұлттық хореография академиясының профессоры;

4. **Усманова Нурия Абдул-Барыевна** - Қазақ ұлттық хореография академиясының «Хореография педагогикасы» кафедрасының, хореографиялық пәндер оқытушысы;

5. **Кабдусова Дина Ериковна** – Қазақ ұлттық хореография академиясының аға оқытушысы;

6. **Бельгибаева Амина** – Қазақ ұлттық хореография академиясының студенті;

7. **Сұлтанова Жаңагуль Сердәліқызы** – Қазақ ұлттық хореография академиясының «Әлеуметтік ғылымдар және өнер» факультетінің деканы;

8. **Исламбаева Зухра Усманбекқызы** – өнертану кандидаты, Қазақ ұлттық хореография академиясының доценті;

9. **Көпбаева Гүлім Көпбайқызы** - Қазақ ұлттық хореография академиясының «Арт-менеджмент» кафедрасының оқытушысы;

10. **Намазбекова Асем Чапайқызы** - Қазақ ұлттық хореография академиясының «Арт-менеджмент» кафедрасының аға оқытушысы;

11. **Чаргинов Дулат Амир-Санайұлы** – Алатау дәстүрлі өнер театрының «Кино» бөлімінің әдіскері, кинотанушы;

12. **Таниева Гульнара Маратовна** – әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, К.Минин атындағы Нижегород педагогикалық университетінің аға оқытушысы.

13. **Джамиля Кынаджи** - Гази Университеті, Әдебиет факультеті, Заманауи түркі тілдері және әдебиеті кафедрасының профессоры;

14. **Кулмаганбетова Альмира Саркытбековна** - Қазақ ұлттық хореография академиясының «Арт-менеджмент» кафедрасының меңгерушісі м.а.

15. **Муханова Әсел Маратқызы** - «Бөбек» ҰҒПББСО «Өзін-өзі тану» Адамның үйлесімді дамуы гуманитарлық колледжінің оқытушысы.

INFORMATION ABOUT THE AUTHORS:

1. **Gatauov Taiyr Talgatuly** - master of Kazakh National Academy of Choreography, Honored Worker of the Republic of Kazakhstan, Leading soloist of the ballet of the State Opera and Ballet Theater «Astana Opera»;

2. **Nedlina Valeriya Efimovna** – senior teacher of Kurmangazy Kazakh National conservatory, Master of Arts, musicologist;

3. **Makumova Anel** – student of Kazakh National Academy of Choreography;

Izim Toigan Ospankyzy – scientific supervisor, Honored artist of Kazakh SSR, candidate of Arts, professor of Kazakh National Academy of Choreography;

4. **Usmanova Nuriya Abdul-Baryevna** – teacher of special disciplines of Pedagogics of Choreography Department of Kazakh National Academy of Choreography;

5. **Kabdusova Dina Erikovna** – senior teacher of Kazakh National Academy of Choreography;

6. **Belgibayeva Amina** – student of Kazakh National Academy of Choreography;

7. **Sultanova Zhanagul Serdalikyzy** – dean of Social sciences and Arts Faculty of Kazakh National Academy of Choreography;

8. **Islambayeva Zukhra Usmanbekkyzy** – candidate of Arts, docent of Kazakh National Academy of Choreography;

9. **Kopbayeva Gulim Kopbaikyzy** – teacher of Art management Department of Kazakh National Academy of Choreography;

10. **Namazbekova Assem Chapaikyzy** – senior teacher of Art management Department of Kazakh National Academy of Choreography;

11. **Charginov D.A.** – metodist of Film Department of Alatau traditional arts theatre, film critic;

12. **Taniyeva Gulnara Maratovna** – Candidate of Social sciences, senior teacher of K.Minin Nizhegorod Pedagogical University.

13. **Jamilya Kynaji** - Professor of Gazi University, Faculty of Literature, Department of Modern Turkic Languages and Literatures;

14. **Kulmaganbetova Almira Sarkytbekovna** – Head of the Art Management Department of Kazakh National Academy of Choreography;

15. **Mukhanova Asel Maratovna** – teacher of «Self-knowledge» Humanitarian College of Scientific and Practical, Educational and Health center «Bobek».

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ:

1. **Гатауов Таир Талғатұлы** – магистрант Казахской национальной академии хореографии, Заслуженный деятель Республики Казахстан, ведущий солист балета государственного театра оперы и балета «Астана Опера»;

2. **Недлина Валерия Ефимовна** – старший преподаватель Казахской национальной консерватории им. Курмангазы, магистр искусствоведческих наук, музыковед;

3. **Макумова Анель** - студент Казахской национальной академии хореографии;

Ізім Тойған Оспанқызы – научный руководитель, заслуженный артист КазССР, кандидат искусствоведения, профессор Казахской национальной академии хореографии;

4. **Усманова Нурия Абдул-Барыевна** – преподаватель специальных дисциплин кафедры «Педагогика хореографии» Казахской национальной академии хореографии;

5. **Кабдусова Дина Ериковна** – старший преподаватель Казахской национальной академии хореографии;

6. **Бельгибаева Амина** – студент Казахской национальной академии хореографии;

7. **Султанова Жанагуль Сердалиевна** – декан факультета «Социальных наук и искусства» Казахской национальной академии хореографии;

8. **Исламбаева Зухра Усманбекқызы** – кандидат искусствоведения, доцент Казахской национальной академии хореографии;

9. **Көпбаева Гүлім Көпбайқызы** - преподаватель кафедры «Арт-менеджмент» Казахской национальной академии хореографии;

10. **Намазбекова Асем Чапаевна** – старший преподаватель кафедры «Арт-менеджмент» Казахской национальной академии хореографии;

11. **Чаргинов Дулат Амир-Санаевич** – методист отдела «Кино», Театра традиционного искусства Алатау, киновед;

12. **Таниева Гульнара Маратовна** – кандидат социальных наук, старший преподаватель Нижегородского педагогического университета имени К.Минина.

13. **Джамиля Кынаджи** - Университет Гази, Факультет литературы, профессор кафедры Современных тюркских языков и литературы;

14. **Кулмаганбетова Альмира Саркытбековна** – и.о. заведующей кафедрой «Арт-менеджмент» Казахской национальной академии хореографии;

15. **Муханова Асел Маратовна** – преподаватель гуманитарного колледжа гармоничного развития человека «Самопознание» ННПООЦ «Бобек».

«ARTS ACADEMY» ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫНЫҢ РЕДАКЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

«ArtsAcademy» журналының редакциялық саясаты ғылыми қызметтің этикасына тікелей байланысты. Редакциялық саясатта ғалымдар өз жұмыстарына дайындық жасау барысында редакциялық саясатта басшылыққа алатын қағидаттар мен ұйғарымдар жиынтығы баяндалады.

«ArtsAcademy» журналының жоспары рецензияланатын, дәйексөз алынатын журналдардың қатарына ену. Бұл өз кезегінде редакция алқасын маңызды өнегелі-этикалық қағидаттарды және ұйымдастыру нормаларын сақтауға міндеттейді.

«ArtsAcademy» журналының редакциялық саясатының жалпы ережелері

Журналдың тақырыптық бағыты бар. Журнал беттерінде ғылыми мақалалар, шолулар, қысқаша хабарландырулар мен дискуссиялық мақалалар жарияланады.

Басылым өзекті мәселелерге:

- ✓ хореографиялық өнердің тарихына,
- ✓ хореография педагогикасына,
- ✓ өнертануға,
- ✓ қазіргі мәдениетке,
- ✓ өнер және білім беру саласындағы менеджментке,
- ✓ әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарға арналған.

Журналдың шығу мерзімділігі – тоқсан сайын.

Журналдың редакция алқасы – Қазақстан Республикасындағы, ТМД елдеріндегі және алыс шетелдегі білім беру және ғылыми-зерттеу ұйымдарының жетекші ғалымдары мен мамандары.

Ғылыми журналдың редакция алқасы түпнұсқаны, бұрын ешбір жерде жарияланбаған және бірмезгілде басқа басылымдарда басылуға арналмаған мақалаларды ғана қабылдап, қарастырады.

